| | **1.Білім беру саласы:** Таным **Білім беру саласы бөлімі:**Құрастыру **Тақырыбы:** «Қаңқыз» (бөтелкенің қақпағынан). **Мақсаты**: қалдық заттардан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, қалдық заттарды сапасына, көлеміне қарай пайдалана білуге үйрету; түрлі заттар жасауға баулу, жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Міндеттері: - қалдық заттарды қолдана отырып қаңқыз қоңызын жасау жолдарын үйрету; - | **1.Білім беру саласы:**Таным **Білім беру саласының бөлімі:** Жаратылыстану **Тақырыбы:** «Алтын жапырақ төккен күз» **Мақсаты:**Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын | **1.Білім беру саласы:** Қатынас **Білім беру саласы бөлімі:** Көркем әдебиет. **Тақырыбы**: «Ойдан шыққан әңгіме» **Мақсаты:** Балаларды қиялы арқылы ойдан әңгіме құрауға, тілдерін дамытуға өз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **Жылулық шеңбері:** Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! | **1.Білім беру саласы**: Қатынас **Білім беру саласы бөлімі:** Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімнің туған күні (Шығармашылық жұмысқа баулу: әңгіме құрау) **Мақсаты:** Туған күн де мереке түріне жататындығын түсіндіру. Міндеттері: а) Балаларға әңгіме құрауды үйрету, әңгіме құрауды үйрету арқылы шығармашылықпен | **1.Білім беру саласы:**Таным **Білім беру саласы бөлімі:** Математика негіздері **Тақырыбы**: 2 саны мен цифры. Үшбұрыш. Қысқа – ұзын. Жақын –алыс. **Мақсаты:** 2 цифрымен таныстыру; «ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын қалыптастыру. 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 цифрын жазып үйрену; үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жәндіктер туралы білімдерін толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту; -жәндіктерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Қуан шаттан, алақай!<br>Қуанатын келді күн,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн !<br>Күліп шықты күн бүгін.<br>Сәлеметсіз бе, есенсіз бе, амансыз ба!<br>Бәріміз күндей жарқырайық,<br>Бәріміз тату болайық.<br>**Дид ойын:** «Жәндіктерді ата»<br>Қаңқыздың бізге тигізетін зияны жоқ, оны қолға ұстасақ өрмелеп жүреді, қанаттарын жайып ұшады.<br>Үлгі суретті көрсетіп, тәрбиеші «қаңқыз» қоңызы туралы әңгімелеп береді. Балалар үлгіні қарап көреді және оны қалдық материалдан жасап көреміз деп, балаларға бағыт береді.<br>Балалар үлгіні қарап көреді.<br>Қаңқызды жасау үшін | ояту. Достық қарым-қатынастарын, табиғатқа деген қамқор көзқарасын тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Сары жапырақтар жауғанда**<br>Күзде жауын. Бұлт. Тұман,<br>Сары жапырақ жауады:<br>Сары құйын ұйтқыған<br>Сапырады ауаны.<br>Тапталады табанға<br>Судыр-судыр жапырақ.<br>Қызыл, сары бояуға<br>Малынғандай атырап.<br>Мұзафар Әлімбаев.<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Ағаш толған сары шымшық,<br>Сілкіп көрсең, түседі ұшып.<br>(Жапырақ)<br>Ешкім де жемейді,<br>Тәтті екен демейді.<br>Сарғайып піседі,<br>Үзіліп түседі. (Жапырақ)<br>Қыста киімін тастайды,<br>Көктемде киіне бастайды.<br>(Ағаш)<br>Ағайынды бәрі:<br>Шықса – көк,<br>Түссе – сары.<br>(Жапырақтар)<br>Тәрбиеші суретшілерге де күздің | -Балалар,бүгінгі оқу қызметі өте ерекше және де қызықты түрде өтеді.Себебі бүгінгі тақырып-«Ойдан шыққан әңгіме»<br>-Балалар,ойдан әңгіме құрастыруды қалай түсінесіңдер?Мысалы, бүгін әрбір бала өз ойын,не қиялдап отырғаны жайлы әңгіме құрайды.Ілінген тақта суреттеріне қарап құрауға да болады. Әрбір баланың ойдан шыққан әңгімесін сұрақ-жауап арқылы сұрап білу.Ойдан бір ертегіні құрастыру.Балалардың ойын,тілін дамыту.<br>**Сергіту сәті:**<br>Гүлдер,гүлдер,шоқ гүлдер,<br>Қызыл,жасыл,көп гүлдер.<br>Тұра берші жайқалып,<br>Тұра берші нұрланып.<br>Күзгі бақ суреті бойынша әңгіме құрастыр және әңгімелеп бер.<br>Қорытындылау.<br>Ойларын тиянақты айтқан балаларды мадақтау,еңбектерін | жұмыс істеуге баулу. ә)Ойыншықтар туралы әңгімелеу; өз ойларын еркін қарым-қатынас жасау арқылы дамыту. б) Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.Эстетикалық талғамын арттыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Ғажайып сәт:**<br>Тобымызға қуыршақ Әйгерімнің келуін хабарлайды. Балалар қуыршақтың келгеніне қуанады.<br>– Балалар, бұл не? Кәне, «Қуыршақ» сөзін қайталаймыз.<br>– Балалар бұл қуыршақтың есімі – Әйгерім.<br>**«Қуыршақ» тақпағын жаттату.**<br>Біздерде бар қуыршақ<br>Бұзау, қозы, құлыншақ,<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ.<br>(Н.Әлімқұлов)<br>**Сұрақтарға жауап алу.**<br>– Балалар «Қуыршақ» | өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету; үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру; «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету; «қысқа», «ұзын» ұғымдарын айыра білуге үйрету; өзара көмек сезімін тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Кел,балалар,күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Тәрбиеші өтілген цифрға байланысты жұмбақ жасырады.<br>Басында бар ілмегі,<br>Ортасында тірегі,<br>Толқып қанша жүзсе де,<br>Тұрады екінші үнемі. (2)<br>Балалар қай цифр екенін табады.<br>3-тапсырма.<br>Тәрбиеші балалардан көп цифрлардың арасынан тек 2 цифрын ғана қоршап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөтелкенің қақпақтары керек болады. Пішіндері домалақ қақпақты аламыз, оның үстіне түрлі түсті бояумен дене бөліктерін жасаймыз: қанаты, басы, көзі т.б. Үлкен қақпақ – қанқыздың денесі, ал басын ермексаздан жасаймыз. Ермексазды пайдалана отырып басы мен денесін біріктіріп, ермексаздан аяғын жасаймыз. Қара түсті гуашь бояумен ортасынан түзу сызық сызып, оны сәл толықтырып қанаттарын жасап, қара дақтар түсіреміз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық.<br>Қолымызды созайық,<br>Жел сияқты қалықтап,<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға қарай иіліп,<br>Біз тынығып алайық.<br>Балалар жұмыстарын қарап, қанқыздың дене бөліктерінің дұрыс жасалғанын қадағалайды, жақсы жасалған жұмыстарды мадақтайды. Балалар өздері жасаған | ұнайтынын хабарлайды, олар<br>орман, көкөністер мен жемістер,<br>саңырауқұлақтар, гүл шоқтары –<br>күздің басқа да ғажайыптарын суреттерінде бейнелегенді жақсы көреді.<br>Неліктен суретшілер бұл жыл мезгілін «алтын күз» деп<br>атайды?<br>Алтын күзді жарқыраған ашық<br>күндері, алтын және қызыл күрең<br>түске малынған әсемдігі үшін<br>жақсы көреді.<br>Суретші қай жыл мезгілін<br>суреттеген? Ағаштардың түсі<br>қандай? Жапырақтарға не болды?<br>Жапырақтарды зерттейді. Әр ағаштың өз жапырағы бар екенін айтады: әр ағаштың жапырағының беті әртүрлі – қайыңдікі – қатпарлы, бұжыр, ал үйеңкінікі – тегіс.<br>Олардың пішіні, түсі, | бағалау.<br><br>**2. Білім беру саласы:** Шығармашылық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**<br>Жапсыру<br>**Тақырыбы:** «Шалғындағы саңырауқұлақтар»<br>**Мақсаты:** Қоршаған орта жіне саңырауқұлақтар туралы білімдерін кеңейту, жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.Тіктөртбұрыштан дөңгелек қию тәсілін және жабыстыру ережесін беткі жағына желім жағып, суретті басып жабыстыру, қылқаламға аздап желім жағып алып, қағаздың үстінен жабыстырманы алақанымен басу. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:** | неге жатады? Ыдыс-аяққа ма? Жануарларға ма? Немесе құстарға жата ма? Әлде ойыншықтарға ма? (Қуыршақ ойыншыққа жатады).<br>– Сендердің үйлеріңде қандай ойыншықтар бар? (Әр бала өз ойыншықтарын атап өтеді).<br>**Дидактикалық ойын:** «Ойыншықты тап».<br>Ойын мақсаты: ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу.<br>Шарты: тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіңдер. Мысалы, балалар алдымен көздерін жұмады, қойылған ойыншықтар ішінен педагог біреуін жасырып қояды. Қандай ойыншық жоқ? (Мысалы: Аю ойыншығы жоқ, оның | сызуды тапсырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тәрбиеші өз қалауынша ұйымдастырады.<br>«Кім бірінші?»<br>Бұл тапсырманы орындау үшін ұзындықтары әртүрлі екі лента қажет болады (1 метр және 1,5 метр). Тәрбиеші екі баланы тақтаға шақырып алып, оларға бір-бір лентадан ұстатады және лентаны қолдарына орауын сұрайды. Бір баланың қолындағы лентаның қысқа (көрсету керек), екіншісінің қолындағы ұзын (көрсету керек) екендігін еске салады.<br>Ол балалардан сұрайды:<br>–Лентаның бірі неліктен тез оралды?<br>*«Түрлі түсті таспалар» дидактикалық ойыны (беттестіріп қою тәсілі).*<br>Балалар ені әртүрлі таспалар салынған хатқалтаны алады. Тәрбиеші оларға осы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыстарын салыстырып, жақсы жұмысты таңдайды<br>Қорытындылау.<br><br>**2.Білім беру саласы**:Денсаулық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:**<br>«Қоянға сауығып кетуге көмектесейік»<br>**Мақсаты:** жоғары қарай секіру және төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Міндеттері: қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту.<br>Еңбектеуге жаттықтыру.<br>3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Балаларды ойыншық қоянмен таныстырады. Ол көңілсіз. Себебі сырқаттанып тұр.<br>Балаларды мәселені | өлшемі әртүрлі.<br>**Сергіту сәті:**<br>Күз желі ызғарлы,<br>Гүлдерді солдырды.<br>Жапырағын түсіріп,<br>Ағаштарды тоңдырды.<br>«Жапырақ» (қимылмен көрсетеді)<br>Тақ-тақ-тақ,<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Рақ-рақ-рақ,<br>Күзде түсер жапырақ.<br>Қол-қол-қол,<br>Күзде егін мол.<br>Тоқ-тоқ-тоқ,<br>Шыбын-шіркей жоқ.<br>**Дид ойын:**«Қай ағаштың жапырағы?»<br>Шеберханаға барып балаларға қарындашпен жапырақтардың суретін салуға ұсыну.<br>Қорытындылау.<br><br><br>**Білім беру саласы**:Шығармашылық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Музыка<br>**Тақырыбы:**«Тәрбиеші-ұстаздар»<br>**Мақсаты:**Тәрбиешілерге деген құрмет пен сүйіспеншілікті ән арқылы жеткізу.<br>Музыкалық сипаттағы | Қол ұстасып тұрайық,<br>Шаттық шеңбер құрайық,<br>Мен Отанды сүйемін,<br>Сен де Отанды сүйесің!<br>Мен анамды сүйемін,<br>Сен де анаңды сүйесің!<br>Мен әкемді сүйемін,<br>Сен де әкеңді сүйесің!<br>Көтеріп бір көңілді,<br>Шаттықпенен күлейік,<br>Дос, бауыр боп бәріміз,<br>Тату-тәтті жүрейік.<br>**Дид ойын:**<br>«Саңырауқұлақтарды ата»<br>Тәрбиеші балаларды орманға серуендеуге шақырады. Орманға баражатқан кезде балалар күз мезгілін сипаттайды.<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Қарашы,маңызды жан,Ақ аяқ,Қызыл қалпақ.<br>Қалпағында ақ бұршақ.<br>**Жауабы:**шыбынжұт.<br>-Қызыл қалпақ,ақ бұршақ,<br>Келбетің сенің керемет-ақ.<br>Себетке біз сені салмаймыз,<br>Өте,өте қауіптісің!<br>Тәрбиеші шыбынжұттың улы | қалған ойыншықтарға қарағанда, пішіні үлкен, түсі қоңыр. Аю – жұмсақ ойыншық. Мен оны ұқыпты таза ұстап ойнаймын. т.б.)<br>– Ойыншық жасалынуына қарай жұмсақ па, қатты ма, әлде созылмалы ма?Ал сол ойыншыққа қандай мейірімді сөз айтасың?<br>– Балалар, бүгін қуыршақ Әйгерімнің туған күні екен.<br>– Әйгерімге сендер не сыйлағыларың келеді?<br>– Әйгерімнің туған күнін қалай жақсы, көңілді өткізуге болады.<br>– Кәне, шағын әңгіме құрайық.<br>**Әңгіме құрау:**<br>«Қуыршақ Әйгерімнің туған күні» *(Сөйлеуді дамыту дәптері)*.<br>Балалар ауызша әңгіме құрап айтуға тырысады.<br>Мақсаты: ауызша өз ойларын жеткізе білу.<br>Шарты: *сөйлеуді дамыту дәптеріндегі* тапсырманы орындау | таспаларды бір-бірінің үстіне беттестіріп қою арқылы ені бойынша салыстыруды тапсырады.<br>4-тапсырма.<br>Дөңгелекті зерттейді:<br>– Кәне, дөңгелектің неше бұрышы мен қабырғасы барын тексерейік.<br>Мынадай қорытынды шығарады:<br>Дөңгелектің бұрышы мен қабырғасы жоқ.<br>– Айналамызда қандай заттар дөңгелекке ұқсайды?<br>Тәрбиеші балаларға дөңгелектің ең үлкенін жасыл қарындашпен, кішісін көкпен, ал ең кішкентайын қызыл түспен бояуды тапсырады.<br>Балаларға сұрақ қояды:<br>–Неше дөңгелек боялды?<br>–Дөңгелектердің көлемі қандай?<br>5-тапсырма.<br>Тәрбиеші өлеңді оқиды:<br>Шөл даланың серкесі,<br>Өзінің бар өркеші.<br>Анда-санда шөлдейтін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шешуге жұмылдырады – бүгінгі сабақ барысында қоян көп нәрсені үйренеді және сауығып кетеді.<br>**ІІ. Негізгі кезең.**<br>Бір-бірден тізбекке тұру.<br>Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады.<br>Екі тізбекке тұру.<br>**Қол шапалақтап жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды.**<br>(Жалаушалармен)<br>1. Б.қ.: аяқтарының арасын сәл ашып, жалаушаларды төмен түсіріп тұрады.<br>Қолдарын алға, жоғары көтереді, жалаушаларға қарайды, түсіреді. Б.қ. (5-6 рет)<br>2. Б.қ.: аяқтарының арасын сәл ашып, жалаушаларды кеуде тұсында ұстайды.<br>Отырады, жалаушаларды еденге тигізеді, тұрады. Б.қ. (5-6 рет)<br>3. Б.қ.: аяқтарының арасын иықпен бірдей етіп ашып тұрады. Оңға (солға) бұрылады, жалаушалардды қапталға | сабырлы әуеді,ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру.Музыкадағы дыбыс биіктігін,ырғақтың мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету,ұлттық ою өрнек бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Кішкентай полька»<br>Муз.амандасу жаттығуы: «Қадам бас!»<br>Дау.жат.: «Гамма», «Стакатто»<br>Ән тыңдау: «Ұстаз-ана»<br>Дау.жат.: «Бұғы тұрып үйінде терезеден қарайды»<br>Ән айту: «Тәрбиеші»<br>Дид ойын:: «Қайтала» | саңыраукұлақ екенін,қолмен ұстауға болмайтынын айтады.<br>**Сергіту сәті:**<br>«Алақаныңды жасыр» ойыны.<br>Тәрбиеші үлестірмелі материалға назарларын аударады.Жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді.<br>Қорытындылау.Мадақтау.<br><br>**3.Білім беру саласы**: Денсаулық<br>**Білім беру саласының бөлімі**: Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** Мұқият болайық<br>**Мақсаты:**<br>допты дамалату және бір орында тұрып секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Міндеттері: допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету.<br>Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол | арқылы, әңгіме құрау.<br>Мысалы: Әйгерім қуыршақтың туған күніне аю келді. Аю Әйгерімге өзінің сүйікті тағамы – бал сыйлады. Оны көрген Әйгерім қатты қуанды.т.б.<br>(дәптермен жұмыс жасау).<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай иіліп,<br>Солға арай иіліп.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>(Сергіту жаттығуын қимыл-қозғалыс арқылы орындайды).<br>**3.Қорытынды кезең**<br>Әңгіме құрағанда толық сөйлем құрауға тырысады.<br>Ойыншықтарды ұқыпты ойнау керектігін айту.<br>Балалар тәрбиеші сөзіне зейін қойып, орындауға тырысады.<br><br>**3. Білім беру саласы:** | Түйеге жол көрсетші.<br>Педагог балаларға ұзын жолды сары қарындашпен, ал қысқасын жасыл түспен бояуды тапсырады.<br>– Сары түсті жолдың ұзындығы қандай?<br>–Жасыл түсті жолдың ұзындығы қандай?<br>–Түйе қайсы жолмен жүрсе, баратын жеріне тезірек жетеді?<br>Демонстрациялық материалдың №5 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау.<br>Балалар өздері атқарған жұмысқа баға береді.<br>Тәрбиеші балаларды жасаған жұмыстары үшін мадақтайды.<br><br>**2.Білім беру саласы**: Шығармашылық<br>**Білім беру саласының бөлімі:** Сурет салу<br>**Тақырыбы:**Орамалды әшекейлеу (қазақ ұлттық ою-өрнектерін шаршыға салу)<br>(Сәндік сурет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | созады. Б.қ. (Әр қапталға қарай 3 реттен)<br>4. Б.қ.: аяқтарының арасын ашып, жалаушаларды кеуденің тұсында ұстайды. Еңкейеді, аяқтарының ұшындағы еденге тигізеді, бойын тіктейді. Б.қ. (5-6 рет)<br>5. Б.қ.: аяқтарының арасын сәл ашып, жалаушаларды төмен түсіріп тұрады. Бір орында қос аяқтап секіру және жүру жаттығуларын кезектестіріп орындайды. (2-3 рет)<br>Тізбектегі арақашықтықты, белгіленген бастапқы қалыпты сақтау қабілетін бақылау.<br>**Негізгі іс-қимылдарды орындайды:**<br>Үш доғаның астымен еңбектеп өту.<br>Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады.Ойын түріндегі жаттығу:<br>**«Секір-бұрыл».**<br>Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен | | жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**I. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу.<br>**II. Негізгі кезең.**<br>Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау.<br>Жаттығулардың орындалу барысын қадағалау.<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Мен сияқты жаса!» – қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау.<br>Шапалақтау арқылы жалпы дамытатын жаттығуларды орындау | Денсаулық.<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы**:«Түрлі түсті кілемшелер»<br>**(таза ауада)**<br>**Мақсаты:** велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру.<br>Міндеттері: үш дөңгелекті велосипедті тебуге үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне қарай домалату қабілетін нығайту, көзбен мөлшерлеу дағдысын дамыту, доптың бағытын сақтай білуге баулу. Тізесін аздап бүгіп ақырын жерге түсу қабілетін дамытуды жалғастыру.<br>Денешынықтыру | **Мақсаты:** Ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету,ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту.Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірі «омыртқамен»таныстыру,оның суретін салу жолдарын меңгерту.Эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Шеңбер болып тұрайық.<br>Алақанды ашайық.<br>Күннен жылу алайық,<br>Жүрекке жылу салайық.<br>Жиналған жылы шуақты,<br>Бір бірімізге сыйлайық.<br>**Дид ойын:**»Ұлттық киімдерді ата»<br>Орамал қазақтың ұлттық  киімдеріне жататыны туралы әңгімелейді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолды белге қояйық.<br>Алға қарай бір адым, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру.<br>**«Кім епті?»** ойыны – 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту.<br>Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын:<br>**«Кегельді құлат»**.Тәрбиеші ойын тәртібін түсіндіріп, орындау әдісін көрсетіп береді.<br>**Қим ойын:** «Қасқыр мен қояндар»<br>Ойынның ережесін түсіндіреді, ойын жағы рөлдік қимылдарға балалардың назарын аударады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында тәрбиеші балалармен жеке-жеке жұмыс жасайды.<br>**III. Қорытынды.** | | – нұсқауларды орындау.<br>Ойын түріндегі жаттығу: **«Орын алмасыңдар».**<br>Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды домалату.<br>Түсіндіру және көрсету: допты саусақтармен қатты итермейміз, оны кегельдерді айналып өтетіндей етіп оңға, солға бұрып отырамыз. Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын сақтауын қадағалау.<br>Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру.<br>Секіру жаттығуларының орындалу тәртібі мен дұрыстығын көрсету: өзін айналып бұрылған кезде бірнеше бұрылысты ізбе-із орындау қажет<br><br>**Негізгі іс-қимылдарды орындайды**:<br>**«Көгершінді қуып** | сабақтарына қатысты жағымды көзқарас қалыптастыруды әрі қарай жалғастырамыз. Епті әрі тез болуға ынталандыруды жалғастыру.<br>**I. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Қимыл-қозғалыс жасайтын алаңның үлгісін жасау: массажға арналған төсеніштерді екі қатарға жаяды. Балалардың назарын төсеніштерге аударады. Сиқырлы төсеніштердің балаларға епті болуға көмектесетінін айтады.<br>**II. Негізгі кезең**<br>Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау.<br>Тізбекте бір-бірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады).<br>Аяқтың ұшымен жүгіру.<br>Кәдімгі жүріс. | Артқа қарай бір адым,<br>Жоғары,төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Балалар қалаулары бойынша бояу таңдап алып,»омыртқа» өрнегін салуға кіріседі.<br>-Үшбұрыштарды салу арқылы «омыртқа» өрнегімен әжеміздің орамалын әшекелейміз.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>**Қим ойын:** «Орамал тастау»<br>Қорытындылау.Мадақтау.<br><br>**3.Білім беру саласы**:Шығармашылық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Музыка<br>**Тақырыбы:**« Көңілді ырғақтар»<br>**Мақсаты:**<br>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету. Әннің көңіл-күйін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **жет»** ойынын ұйымдастырады. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында тәрбиеші балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>**ІІІ. Қорытынды кезең**<br>Ойын: «Кім зейінді?» Балаларды ынталандыру. | Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (*массаж жасайтын төсенішпен*)<br>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз.<br>П.: қолды алға, кеуденің деңгейіне жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз.<br>2. Б.қ.: сол қалып. Қолды белге қоямыз.<br>П.: отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз.<br>3. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз.<br>П: алға қарай еңкейеміз (солға).<br>4. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз.<br>П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз.<br>5. Б.қ.: аяқтарымызды қосып, қолымызды белге қоямыз. | жеткізе білуге баулу.Мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасау. Балаларды топпен билеуге үйрету.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Детский марш» П.Чайковский<br>Муз.амандасу жат.: «Сәлем деймін бәріңе!<br>Шат.шеңбері: «Қайырлы таң!»<br>Ән айту: «Биле сен»<br>Муз.тыңдау: «Марш», «Полька», «Вальс»<br>Би: «Үш түрлі ырғақ»<br>Д\о: «Музыкалық лото» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | П.: екі аяқтап секіреміз, жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз).<br>Кез келген бағытта қос аяқтап секіру.<br>Педагог алаңның периметрі бойынша құрсауларды орналастырады. Тәрбиеленушілер белгі бойынша алаңның ортасына қарай секіреді. **«Орныңды тап!» деген нұсқау бойынша тәрбиеленушілер өз құрсауларын жылдам табулары керек.** Нұсқау: жер бетінен екі аяқпен бірдей екпінді түрде итерілу, аяқты тізеден жұмсақ бүге отырып, аяқтың ұшымен түсу.<br>**Үш дөңгелекті велосипед тебу.**<br>«Орын ауыстыр» Тәрбиеленушілер спорт алаңының қарама-қарсы жақтарында тұрады. Тәрбиеші қыздарға ұлдармен орын алмастыруды, велосипедпен жүріп | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қайтуды ұсынады. Қозғалыс бағытының сақталуына баса назар аударады. Жүрмес бұрын велосипедке дұрыс отыру және түсу білігіне назар аударады.<br>**III. Қорытынды кезең**<br>ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды ынталандырады.<br>**Ойын түріндегі жаттығу: «Міне, біз қандаймыз!»**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян»** | |
| Серуен:<br>Серуеннен оралу | **Серуен №6**<br>**Ұшып кететін құстарды бақылау**<br>**Мақсаты**: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>Мақсаты:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру | **Серуен №7**<br>**Желді бақылау**<br>**Мақсаты**: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады? | **Серуен №8**<br>**Үйеңкі ағашын бақылау**<br>***Мақсаты****: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.<br>Айырмашылығы қандай? | **Серуен №9**<br>**Жүк көліктерін бақылау**<br>**Мақсаты**: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.<br>**Еңбек**<br>Түскен жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>-Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу;<br>-ұқыптылыққа, | **Серуен №10**<br>**Терек ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Терек ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.<br>Айырмашылығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | техникасын меңгерту | (секундамермен және қағазбен.)<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? (компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)<br>**Еңбек** Аланды тазалау<br>Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.<br>**Қ/О:** «Жел».<br>Мақсаты:- табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету<br>. | **Еңбек:** Бұйымдар жасауға жапырақ жинау.<br>Мақсаты:еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру<br>**Қимылды ойын**«Аңшылар мен аңдар».<br>Мақсаты:<br>-әртүрлі кедергілерден өтіп жүкіруге<br>-ептіліктерін дамыту. | жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**«Тоқта--жүгір».<br>Мақсаты:<br>-белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>-ептіліктерін дамыту. | қандай?<br>Мақал-мәтел «Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек»<br>**Еңбек:**<br>Құмсалғыштағы құмға су себу.<br>Мақсаты: кіші топ балаларына көмектесу, қамқорлық сезімге тәрбиелеу**.**<br>**Қ/О:** «Допты капитанға бер».<br>Мақсаты:<br>—доппен ойын кезінде әртүрлі қозғалыстарды қолдану, серіктесінің іс-әрекетімен санаса білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу | Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету. | | | | |
| Вариативтік бөлім | | **Вариативтік бөлім**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып тапсырмаларға саяхат»<br>**Мақсаты:**<br>**ҰОҚ барысы:**<br>1 - тапсырма. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу<br>Дидактикалық ойын.<br>Танграм ойыны<br>2 - тапсырма. Логикалық есептер- Дүкеннен анам | | **Вариативтік бөлім**<br>«Мен елімді сүйемін»<br>**Тақырыбы:**<br>«Жыл құстары»<br>**Мақсаты:**<br>Жыл құстары туралы білімдерін кеңейте отырып, құстар туралы айтылған нақыл сөздердің мәнін түсіндіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуіниніме бердім. менде неше доп қалды? - Табақта бес алма,Қолымда үш алма,Інімде екі алма,Қосқанда барлығы болады неше алма?<br>Бір алма атама,Бір алма әжеме,Бір алма апама, Бір алма әкеме,Нешеуін алады? Нешеуі қалады?2. Ағашта 5құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?3. Аулада бес үйрек,<br>Қорада үш үйрек. Бір үйрек тығылды,Бір үйрек жығылды,Қалғаны неше үйрек?4 - тапсырма Жұмбақтар.1.Адамға серік,<br>күзетке берік. 2.Жүрегі бар, ізі жоқ,Қанатты бар, ұшпайды.Су астында қыстайды.<br>3.Сұм жүзді,<br>Құралай көзді,<br>Киікше секірген,<br>Бура санды,<br>Жолбарыс тонды.<br>5-тапсырма<br>д/о: Орныңды тап | | Балалар шеңберге тұрып, тәрбиеші мен бірге бүгінгі күндеріне сәттілік тілейді.<br>Ұмытпа ана – тіліңді,<br>Өз тілің өскен өркенің.<br>Ананың берген ақ сүті,<br>Мақтанышың ұлттық – ол сенің!<br>**Дид ойын:** «Құстарды ата».<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Қанаты бар талмайтын,<br>Биіктерге самғайтын.<br>Неше түрлі әнге сап,<br>Жер-әлемді шарлайтын.<br>(Құстар).Тәрбиеші балалардан қандай құстарды жыл құсы деп атайтынын сұрайды. Ал қандай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өзінің жанындағы тұрған баланы есіне сақтап қалады,<br>6-тапсырма: Құрбақаның жапырағын тап Сызбамен жұмыс.<br>Қорытындылау. | | құстарды қыстап қалатын құстар деп атайды?<br>Неліктен құстар жылы жаққа ұшып кетеді?<br>Қанатты достарымыз адамға қандай пайда әкеледі?<br>Қыста құстарға кім көмектесуі керек? (Егер біз ең болмағанда бір құсты аман алып қалсақ, онда біз ондаған ағашты құтқардық деген сөз, себебі құстар ағаштарды түрлі зиянкестерден қорғайды).<br>Қорытындылау. | |
| Ойындар, дербес әрекет | **«Сиқырлы суреттер»**<br>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу. | **«Даусынан таны»**<br>Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру дауыстарды ажырата білуге дағдыландыру. | Сюжетті ойын: **«Дәрігер»**<br>Мақсаты: Өз денсаулықтарына ұқыпты карауға,өзгеге көмек көрсетуге үйрету.Ой-қиялын | **«Пирамида жинау»** ойыны<br>Мақсаты: көлеміне қарай жинауға үйрету.Ойлау қабілетін | Ойын: **«Көлік тұрағын құрастыр»**<br>Мақсаты: Текшелерден өз қиялдарынан құрастыруды үйрету.Ойлау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. | дамыту.Ептілік ке тәрбиелеу. | |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты) | Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауға үйрету: Толғанай,Айару,Жанерке | Көп», «біреу», «бір-бірден», «бір де біреуі жоқ» түсініктерін үйрету:Інжу, Жұлдыз | Түсі және көлемі бойынша ажыратуға үйрету:Бердәулет, Асанәлі. | Заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап беруге үйрету:Жангелді,Айғаным, Асылай | Сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету:Кәусар, Ерасыл |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» | Психолог кеңесі: «Балаңызды қалай еркелетесіз?»сұрағына жауап алу. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелеу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы» | «Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру. |
| «Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы. | | | | | |

**«Балдәурен» шағын орталығы**

**«Айгөлек» ересек тобының 25 .10- 29.10.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы**

Тәрбиеші: Алимсейтова.Г.С

**Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау.Ата-аналармен | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әңгімелесу. | | | | | |
| Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б) | **Құрлымдалған ойын:** «Суретші қай жерде қателесті?» **Мақсаты:** Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады. 4К моделі, бала үні | **Құрлымдалған ойын** «Әдемі гүл» **Ойынның мақсаты:** Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады. 4К моделі, бала үні | **Құрлымдалған ойын:** «Құстар біздің досымыз» **Мақсаты:** Балалар құстар туралы білім түсініп,. құстарға қамқорлықпен қарауды біледі. 4К моделі, бала үні. | **Пед жетекшіл қим ойын**: «Күн мен түн» **Ойын мақсаты:** балалар әртүрлі қимыл-қозғалысты, ептілікті, шапшаңдықты үйренеді. 4К моделі , бала үні. | **Құрлымдалған ойын**:«Көп және біреу» **Ойынның мақсаты:** көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. 4К моделі, бала үні. |
| Таңертеңгі гимнастика 5мин | **Жаттығулар кешені : Қазан айы 4-апта**<br>**І.Ұйымдастыру бөлімі**<br>Сапта жүру, жеңіл жүгіру. Жұпқа тұру және жұптасып жүру.Қатарға тұру.<br>**ІІ. Жалпы дамыту жаттығулар**<br>1. «Сағат жүргіз» . Қолдарын бүгіп кеудесінің алдында айналдыру, б.қ. келу (5 рет).<br>2. «Маятник тербеледі»**.** Оңға(солға) қисайып «тик-так»-деп айту,б.қ. келу (6 рет)<br>3. «Сағат сынып қалды». Отырып қолдарымен тізелерін соғу,тұру.(5 рет)<br>4. «Сағат жүріп тұр» .Қолдарын алға-артқа тербелту б.қ. келу(5 рет)<br>**ІІІ.Қорытынды бөлім**<br>Қатардан сапқа тұру.Жеңіл жүгіру.Саппен жүру | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отырады, тамақтанады, асхана құралдарын дұрыс ұстайды мәдениетін қалыптастырады және сақтайды . Әдептілік ережелерін түсіндіреді.<br>Тәтті тамақ жейміз,<br>Рақмет аспаз дейміз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар.(ҰОҚ) дайындық. | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындайды.<br>Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындайды. | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | **1.Құрастыру**<br>**Тақырыбы**:«Саңырауқұлақ» (табиғи материалдармен жұмыс)<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**Миға шабуыл әдісі**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Домалақ қалпағым бар,<br>Аппақ- аппақ аяғым бар.<br>Орманда көктемде<br>Өсемін, әрине.<br>/Саңырауқұлақ<br>Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.<br>Тосын сәт.<br>Тиін келеді.Балалардан көмек сұрайды.Балалар тиінге саңырауқұлақ жасап беруге келіседі.<br>**Топқа бөлу.**Суреттер бойынша (үлкен-кіші саңырауқұлақтар арқылы)<br>1-топ жапырақтарды кию арқылы үлкен жапырақтар жапсырады. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Алтын күз<br>**Ресурстар:** Күз мезгіліне байланысты суреттер..<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Табиғат біздің анамыз<br>Табиғатқа баламыз<br>Иіліп сәлем береміз<br>Біз әдепті баламыз! Бала үні.<br>**Миға шабуыл**<br>1.Жұмбақ жасыру.<br>Жапырақты бояды,<br>Атырапты бояды.<br>Бояп-бояп барлығын<br>Сап-сары ғып<br>қояды. (Күз)<br>Бала үні, сыни ойлау.Балалардың білімін нығайту. Тақпақ оқу.<br>Қарашы күз келді, күз келді<br>Жапырақ жауыпты іздерді. | **1.Көркем әдебиет**.<br>**Тақырыбы:** «Күзде» өлеңі.<br>І.Байжұманова.<br>**Ресурстар:** Күз мезгіліне байланысты суреттер<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сауле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз.<br>Қайырлы таң, достарым! Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?- Күз мезгілінің айларын кім маған айтып береді екен? Сыни ойлау, бала үні.**Ой дамыту.** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Жыл мезгілі. Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелеу).<br>**Ресурстар:** Күз мезгіліне байланысты суреттер..<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы.**<br>Шаттық шеңбер.<br>Қуан, шаттан алақай!<br>Қуанатын күн туды,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**Миға шабуыл.**<br>**Пед жет ойын:** «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Жауып жаңбыр, жер сабыр<br>Шөп, жапырақ солады.<br>Бұл қай кезде болады?<br>Бала үні. **Ой қозғау.**<br>Сұрақ жауап. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы :** 2 саны мен цифры. Жақын – алыс.<br>**Ресурстар:** Күз мезгіліне байланысты суреттер..<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы.**<br>Психологиялық сәт<br>Армысың алтын күн,<br>Армысың көк аспан.<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне менің қолым, - деп балалар бір-біріне қолдарын ұсынып, жүрек жылуын алақандары арқылы сезінеді.<br>**Сұрақтар ілмегі**.Қазір жылдың қай мезгілі?Бүгін аптаның қай күні?<br>**Қызығушылықтарын ояту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-топ жапырақтардан кіші саңырауқұлақтар жапсырады.<br>Саңырауқұлақты құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Шаттық шеңбер құрамыз.<br>Оңға-солға иіліп,<br>Орнымызды табамыз.Балалар өз бетінше жұмыс істейді:<br>Қажет болса жеке жұмыс жүргізіледі.<br>**Қорытынды.**Дайын жұмыстарың тақтаға әкеліп қояды.Тиін балалардың жұмыстарың мақтайды. Қоштасады және рахмет айтады.<br>Балалардың жұмыстарын мадақтайды.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Ұзындыққа секіреміз<br>**Мақсаты.** Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйренеді.<br>**І.Кіріспе бөлім.** Бір қатар сапқа тұру. | Құс біткен керуен тізеді,<br>Қара бұлт қабағын түйеді.<br>**Сұрақ жауап**.<br>-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?-<br>Құстар қай жаққа ұшып кетеді? Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>**Тосын сәт.** Күз ханшайымы келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Тапсырма алып келеді.Ресурс арқылы топқа бөлу. (Жапырақтар арқылы 2 топқа бөлу)<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>«Күз ерекшелігі»<br>Шарты: суреттен күз ерекшеліктерін табу.<br>**1-топ.** Сары жапырақтар<br><br>**2-топ.** Жасыл жапырақтар<br>**Сары жапырақтар тобына**<br>Күздің ерекшеліктерін тауып бер.- Суретте күз мезгіліне байланысты ерекшеліктерді тауып | Күз мезгілі туралы түсіндіру.<br>Сұрақ –жауап.<br>Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлайды, бала үні.<br>Байжұманованың «Күзде» өлеңімен таныстыру, мағнасын түсіндіру.<br>**Күзде**<br>Алма пісіп, алмұрт түсіп,<br>Күзде бақтар жайнайды.<br>Құстар қайтып, қош айтысып,<br>Қимас үнмен сайрайды. Бала үні.<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақ жауап.<br>Балалар, өлеңде не туралы айтылған? (күз туралы)<br>Құстар қай жаққа ұшып кетеді? (Жылы жаққа). Сыни ойлау, бала үні.Бір қадам әдісі бойынша жаттау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаңбыр, жаңбыр жауасың | -Қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?<br>-Күз мезгілінде бау-бақшада нелер піседі?<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой дамыту.**Суретпен жұмыс.<br>Мнемотехника «Күзгі табиғат»<br>Сурет бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою. Балаларды тыңдау.Мазмұн арқылы саралу, бала үні, жанама бақылау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жаңбыр жауып басылды (партаны тырсылдатады)<br>Күннің көзі ашылды. (қолымен көрсетеді)<br>Көкжиекке көрікті, Кемпірқосақ асылды (қолымен дөңес сызық көрсету)<br>**Құрлымдалған ойын:** «Жеміс пе, көкөніс пе?» | **Жұмбақ жасыру**<br>**1.** Далада жүр шапқылап,<br>Керемет, тым саққұлақ.<br>Тек есектен басқада,<br>Оған ұқсар жоқ құлақ.<br>**2.** Басы жерге бұғып тұрады,<br>Жап-жасыл сақалы<br>Жерге шығып тұрады<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретте неше қоян, неше сәбіз бар екен?<br>Суреттегі заттарды санату арқылы 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекітеді. Содан соң екі дөңгелек пен 2 цифрын бояуды тапсыру.<br>**Ойын:** «Жеміс жинаймыз».<br><br>Тура кері санау. 1,2<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір дегенде тұармыз,<br>Екі, үш, төрт алақанды соғамыз.<br>Оң жаққа бұрылып, сол жаққа бұрылып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау)<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**1.** Қол мен иыққа арналған жаттығулар:<br>Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолдарды жоғары көтереді.<br>**ә)** екі жанға тербелу, оңға тербеледі.<br>**б)** солға тербеледі.<br>**2.** Денеге арналған жаттығулар:<br>Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолды жоғары көтереді.<br>**ә)** алға созады.<br>**б)** түсіреді.<br>**в)** екі қолды жанға созады.<br>**г)** б.қ.келеді.<br>**3. Аяққа арналған** Б.қ: тік тұру, қол төменде.<br>**а)** екі қолдағы кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отырады.<br>**ә)** бір орында секіріп, | алып, сызықша арқылы көрсет.Сыни ойлау, бала үні<br>**2- Жасыл жапырақтар тобына.** Суретпен жұмыс.<br>жыл мезгілінің ішінен күз мезгілін тауып ретімен қою.Сыни ойлау, бала үні<br>**2- тапсырма. Пед жет ойын:** «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ шешу.**<br>**1 - Сары жапырақтар тобына**<br>**1**.Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ қашады. «жел»<br>2.Ағайынды бәрі<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары «жапырақ»<br>**2 - Жасыл жапырақтар тобына**<br>1.Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді<br>Бусанып жон жонап,<br>Терледі,керілді. «жаңбыр»<br><br>2.Көзі жасты жылауық<br>Келе жатыр, бір алып,<br>Жабырқаса, жылайды,<br>Жадыраса<br>құлайды. «Бұлт»<br>**Сергіту сәті.**<br>Жаңбыр жауды, | Жанымызға дауасың,<br>Біз ойнайтын ауланың<br>Тазартасың ауасын.<br>**Тосын сәт.**<br>Телефон шырылдап Білмесбек көмек сұрайды. Білмеспек: Сәлеметсіз бе апай, сәлеметсіңдер ме балалар. Маған мұғалімім мына көкөністер мен жемістерді ажыратып алып кел деп тапсырма берген болатын. Ал мен болсам кайсысы көкөніс, қайсысы жеміс екенін айыра алар емеспін. Балалар, өтінемін,сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар көмектесуге келіседі..<br>**Пед жет ойын:**<br>«Қайда өседі»<br>Жемістер қайда өседі? (Ағашта)Жемістерді бізге кім атап береді? Көкөністер қайда өседі? (бақшада) Енді көкөніске нелер | **Мақсаты:** Екі себеттегі жемістер мен көкөністер түрлерін ажыратып, бөліп салуға үйрету; Олардың пішімін, көлемін, түр түсін салыстыру.<br>**Қорытынды.**Балалар ды мадақтау.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>Таза ауада<br>**Тақырыбы:**Допты лақтыр<br>**Мақсаты**: Допты бір-біріне домалата отырып,белгіге қарай жылдам жауап беру дағдысы қалыптасады. Допты екі қолмен асыра лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс үйлесімі дамиды.<br>**Ресурстар:** Дид материалдар<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұрады.Сәлемдесу. | Бес дегенде асықпай,<br>Орнымызды табамыз.<br>**Дидактикалық ойын:** Заттың санымен сәйкестендір.<br>- Балалар, қарандаршы ойыншықтар қайда орналасқан? Сөредегі ойыншықтарға назар аударту.<br>- Қуыршақ машинадан алыс тұр, ал допқа жақын тұр.<br>- Ал зырылдауық жоғарыда тұр, пирамида төменде тұр.<br>- Қарандаршы, мына кубиктың артында не орналасқан?<br>- Дұрыс айтасыңдар, доп тұр екен.<br>- Ал кубиктың алдында не тұр?<br>- Машина тұр. Өте жақсы!<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақ- жауап арқылы қорытындылайды. Балаларды мадақтайды<br><br>**2.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Күзгі жапырақтар» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолды жанға созады.<br>**б)** б.қ. келеді.<br>**Тыныс алу жаттығулары:** шәйнектік дыбысын салу (ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді.4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралайды Тікелей бақылайды.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Бір орыннан ұзындыққа секіру. Командада жұмыс, бала үні.<br>**Қимылды ойын:**«Допты ұста» ойыны:<br>Ойын шартымен таныстырады.Балаларды мадақтайды.4К моделі, бала үні.Қорытынды Балаларды мадақтайды. | Тық-тық-тық.<br>Сен көшеге шық-шық-шық.<br>Жел соғады гу-гу-гу,<br>Жапырақтар ұшты ду-ду-ду<br>Құйын тұрды ой-ой-ой<br>Билеп кетті жапырақтар.<br>**Пед жет ойын:** «Алма ағашы»<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинайды.Алтын күзбен қоштасады.<br>**«Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.**<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Біз еңбекқор баламыз»<br>**Мақсаты:**1 Музыкалық шығарманың мазмұндары туралы айтады. Әннің сөздерін созыңқы және анық айтады. Би сипатындағы музыканы эмоционалды түрде қабылдайды.<br>2. Музыканы тыңдап барлығы үндестікпен орындайды. Күзгі өнімдер туралы әңгімелеп балалар өз ойларын айтады. | жататынын кім айтып береді?Сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау<br>**Құрлымдалған ойын:** «Көкөніс пе,жеміс пе?»<br>Көкөністің суреттерін себетке, ал жемістерді шыны ыдысқа жинайды<br>Сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау<br>Балаларды мадақтайды. Жасаған жұмысты суретке түсіріп Білмесбекке жібереді. Сәлден соң телефон шырылдап. Білмесбек балаларға көрсеткен көмегі үшін рахмет айтады. Қорытынды.<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Қай жыл мезгілі туралы әңгімелестік? Білмеспек сендерден қандай көмек сұрады? Балаларды мадаақтау.<br><br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**Күзгі жапырақтар» | (нұсқауларды орындау)<br>**Негізгі бөлім**:<br>**Жалпы даму жаттығулары**<br>**Б.қ.: «Желбірейді жалау»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайтады. /4 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Әткеншек»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермейді. /5 рет/<br>**Б.қ.: «Кім жылдам»**<br>**3.** Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созады,тұрады жоғары көтереді.<br>**Б. қ.: «Жұлдызша»**<br>**4.** Аяқты бірге, денені тік ұстайды. Жалауша белде. Орнында | (Дәстүрден тыс сурет салу)<br>**Ресурстар:** Күз мезгіліне байланысты суреттер.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы.**<br>Балалар қазір қандай мезгіл?<br>-Күз мезгілінде қандай құбылыстар болады?-Күз бізге не әкеледы? Күзде ауа райы қандай болады? Бала үні.<br>**Қызығушылықтары н ояту.**<br>Топқа түрлі түсті жапырақтар әкелу.<br>**Ой қозғау.**<br>Сұрақ жауап.Бұл не? Түстері қандай? Балалар айтындаршы жапырақтар бірдей болама әлде әр түрлі болама? Жапырақтар неге бір біріне ұқсамайды?<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Сюжетті ойынның мазмұнын түсініп,қырағылық, шапшаңдықты игереді<br>**Пед. жет ойын:** Музыка тыңдау: «Мамам гүлдің бағбаны» А.Досмағамбет<br>Ән үйрену: «Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Ырғақты қимыл: «Бірге қайтала» СД<br>Ойын: «Өз жұбыңды тап» Бала үні.сыни ойлау. | (Сюжетті аппликация**)**<br>**Ресурстар:** Күз мезгіліне байланысты суреттер..<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы.** Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді болып жүрейік!<br>Қазір қай мезгілі? Күз екенін қайдан білдіңдер? Сыни ойлау, бала үні.<br>**Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт.**<br>Кірпі келеді.<br>Амандасу. Кірпі бүгін бізге қызықты суреттер әкеліпті.<br>**Суретпен жұмыс. Ой қозғау.**<br>Кәне суретке қарап көрейік. Балалар бұл суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? | секіріп аяқты және жалаушаны жанға созады **Б.қ.: «Көңілді жалауша»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіреді.<br>Тікелей бақылау әдісі<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Қысқа секіртпемен секіреді<br>2. Допты бір-біріне төменнен лақтырады,<br>**Құрылымдалған қимыл-қозғалыс ойыны:** «Автомобиль мен торғайлар»<br>**Мақсаты:** Балалар | **Пед жет ойын:** «Күзгі ағаш» Балаларға ақ параққа салынған ағаш суретін тарату. Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіреді.Балалар ен алдымен біз жапырағымызды толық жай сумен сулап аламыз.Сулап алған соң қылқаламен жапрыақ-ты бояйбастаймыз, сонда жапрыағымыз еркеше әдемі болады.. Соң боялған жапырағымызды ағашқа бастырамыз. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлайды, бала үні, креативтілік дағды.<br>**Құрлымдалған ойын:** «Біздің көрме» Қорытынды.<br>Балалар жұмыстарын аяқтап болған соң әр баланың жұмысы мадақтайды. Көрме ұйымдастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Күзде қандай өзгерістер болады? Ағаштағы жапырақтар-дың түстері қандай?<br>Өнім арқылы саралу, сыни ойлау,Бала үні<br>Кірпі: Балалар маған күзгі жапырақтан гүл шоғын жасап бересіңдер ма?Бала үні.<br>**Топтық жұмыс.**<br>Түрлі түсті жапырақта-рмен топқа бөлу.<br>Оқу ортасы арқылы саралау.Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.<br>1-топ сары түсті жапырақтар түрлі түсті қатты қағазды қиып үлкен жапырақ жапсырады.<br>2-топ қызыл түсті жапырақтар кіші жапырақтар қиып жапсырады.Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні, креативтілік, жеке көмек. | жүру жүгіру және қорғану түрлерін үйренеді.Күтілетін нәтиже: Балалар көліктердің жүру бағытын, құстарды қорғау туралы түсінеді.4 к моделі, бала үні<br>**Қорытынды:** Бір саппен шеңбер бойы жүреді. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүреді. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіреді | Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындалайды. Балалар бүгін біз сендермен қандай сурет салдық? Сендер қандай түстерді қолдандыңдар? Балалардың жауаптары.<br><br>**3.Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Би билейміз тамаша»<br>**Мақсаты**:Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. әр түрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру.<br>**Пед. жет ойын:**<br>Муз.амандасу жат.: «Қадам бас!»<br>Жаттығу: марш, полька, вальс ырғақтары<br>Дау.жат.: «Динь-дон»<br>Ән айту: «Кел, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі<br>Кіп- кішкентай ағаштар<br>Үлкен болып өседі.<br>**Құрлымдалған ойын:** «Біздің көрме»<br>Балалардың жұмыс-тарын бағалау, қорытындылау.<br>Галерея шаралау әдісі.Балалар бір бірінің жұмыстарын бағалайды. Кірпі балалараға рақмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтайды.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Секіртпе мен секіреміз<br>**Мақсаты**:Қырымен жіптің ұстімен аттап секіруді, жылдамдылық жәнеептіліктері дамиды.<br>**Ресурстар:** Дид материалдар<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылау. | | билейік» Д\о: «Музыканы қайда күтеді» (Презентация) Бала үні.сыни ойлау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұрады.Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>**Негізгі бөлім**:<br>**Жалпы даму жаттығуларыБ.қ.: «Желбірейді жалау»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты  оң – сол жаққа қисайтады.  /4 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Әткеншек»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермейді. /5 рет/<br>**Б.қ.: «Кім жылдам»**<br>**3.** Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға созады,тұрады жоғары көтереді.<br>**Б. қ.: «Жұлдызша»**<br>**4.** Аяқты бірге, денені | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тік ұстайды. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созады<br>**Б.қ.: «Көңілді жалауша»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіреді.<br>Тікелей бақылау әдісі<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Қысқа секіртпемен секіреді<br>2. Допты бір-біріне төменнен лақтырады,<br>**Құрылымдалған қимыл-қозғалыс** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ойыны:** «Автомобиль мен торғайлар»<br>**Мақсаты:** Балалар жүру жүгіру және қорғану түрлерін үйренеді.Күтілетін нәтиже: Балалар көліктердің жүру бағытын, құстарды қорғау туралы түсінеді.<br>4 к моделі, бала үні<br>**Қорытынды:**<br>Бір саппен шеңбер бойы жүреді.<br>/жалаушаларды себетке салу/<br>Маршпен жүреді.<br>«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіреді. | | |
| Серуен:<br><br>Серуеннен оралу | **Серуен№6**<br><br>**Ұшып кететін құстарды бақылау**<br>**Мақсаты**: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:<br>Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге | **Серуен №7**<br>***Желді бақылау***<br>**Мақсаты**: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;<br>— өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады?(секундамермен және | **Серуен №8**<br>**Үйеңкі ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту<br>(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)<br><br>**Зерттеу жұмысы**<br>Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен | **Серуен №9**<br><br>***Жүк көліктерін бақылау***<br>Мақсаты: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.<br>Бақылау барысы<br>Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар. | **Серуен №10**<br><br>**Терек ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Терек ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.<br>Айырмашылығы қандай? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дайындалады, балапандарын ұшуға жатты Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды,<br>Еңбек:<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>Мақсаты:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу<br>Қ/О: «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту<br>ақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>4К моделі,бала үні. | қағазбен.)<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? (компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)<br>**Еңбек** Аланды тазалау<br>Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.<br>**Қ/О:** «Жел».<br>Мақсаты:- табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету<br>4К моделі,бала үні. | салыстыру.<br>Айырмашылығы қандай?<br>Еңбек: Бұйымдар жасауға жапырақ жинау.<br>Мақсаты:еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру<br>**Қимылды ойын**«Аңшылар мен аңдар».<br>Мақсаты:<br>— әртүрлі кедергілерден өтіп жүкіруге<br>— ептіліктерін дамыту.<br>4К моделі,бала үні. | Машиналар түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді.<br>**Еңбек**<br>Түскен жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>-- Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу;<br>— ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**«Тоқта--жүгір».<br>Мақсаты:<br>—белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>— ептіліктерін дамыту.<br>4К моделі,бала үні. | Мақал-мәтел «Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек»<br>Еңбек:<br>Құмсалғыштағы құмға су себу.<br>Мақсаты: кіші топ балаларына көмектесу, қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>**Қ/О:** «Допты капитанға бер».<br>Мақсаты: доппен ойын кезінде әртүрлі қозғалыстарды қолдану, серіктесінің іс-әрекетімен санаса білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу<br>4К моделі,бала үні. |
| Серуеннен оралу | Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету. | | | | |
| Вариативтік бөлім | | **Вариативтік бөлім «Қызықты логика әлемі»**<br>**Сабақтың тақырыбы:** Ғажайып тапсырма әлемінде<br>**Сабақтың мақсаты:** Танымдық қызығушылықтарын арттырады.Пішіндерден бейне құрастырады.Көп білуге ,ізденуге ұмтылады, білімдерін жан жақты дамытады.<br>**Ресурстар:**көрнекіліктер. | | **Вариативтік бөлім «Мен елімді сүйемін»**<br>**Тақырыбы:** Құстарға қарап ауа-райын болжау.<br>**Мақсаты:**Құстарға қарап ауа райын болжаудың әдістерімен таныстырады.<br>**ҰОҚ барысы:** Балаларды құстарға қарап өзгерістерді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау, командамен жұмыс<br>Логикалық тапсырма:<br>**Дид ойын:** Жұмбақ шеш.<br>1.Халық қу деп,<br>Қылған күлкі<br>Айласы көп<br>Бұл не?<br>2.Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп қос құлағы?<br>Қайсысы қай баспанада тұрады?<br>Рефлекстік түзету<br>Балалар,біз бүгін қандай тапсырмаларды орындадық, хайуанаттар қайда тұрады? Хайуанаттар бағында ұнаған жануарды ата?Ұнаған жануарды көрсет?<br>Қорытынды.Сыни ойлау, бала үні. | | бақылауды,ауа райы қандай екенін тауып алуды үйренеді.Жыл құстары топтанып қайтса-келер қыс қатты; жер бауырлап ұшса, ауа-райы бұзылады, қарды қазса,күн суытады. Қорытындылау.Балаларды мадақтау.Сыни ойлау, бала үні. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, дербес әрекет | **Құрлымдалған ойын:** Кеңістікті бағдарлау. **Мақсаты:** балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. 4К моделі, бала үні. | **Құрлымдалған ойын**:«Көп және біреу» **Ойынның мақсаты:** көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. 4К моделі, бала үні. | **Құрлымдалған «Дәрігер» сюжетті-рөлді ойыны** **Мақсаты:** берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалар топтарға бөліне білу және аяқталған-нан кейін қайтадан бір ұжымға бірігуді біледі. 4К моделі, бала үні | **Құрлымдалған** «Пошта» сюжетті-рөлді ойын Мақсаты**:** Ойын кезінде балалар ауыспалы заттарды қолдануды өз қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ете алады. 4К моделі, бала үні | **Құрлымдалған ойын:**«Жол картасын бейнеле» **Ойынның мақсаты:** жоғары–төмен ұғымдарын түсінеді 4К моделі , бала үні |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты) | Күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыруға үйрету. Жанерке, Толғанай | Көлік құралдарын білуге ж әне атауға үйрету. Інжу, Жұлдыз. | Ана тіліндегі барлық дыбыстарды айтуға, негізгі ойын дұрыс жеткізуге үйрету. Бердәулет, Жангелді | Ұзындығы ,ені,биіктігі ,жуан дығы бойынша бір дей екі тү рлі және бірдей заттарды салыстыруды біледі. Айғаным, Асанәлі, | Әңгімелерді бірізді айтып беруге үйрету. орыс тіліндегі қоршаған ортаға қатысты сұрақтарға жауап беру үйрету . Кәусар, Ерасыл |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелеседі | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелеседі | «Бала денсаулығының маңыздылығы» ата-аналарға арналған кеңестер | Балабақшадағы ас мәзірі | «Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру. |
| «Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы. | | | | | |

«Балдәурен» шағын орталығы

«Айгөлек» ересек тобының 01 .11- 05.11.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы

Тәрбиеші: Алимсейтова.Г.С

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың-жаны сау»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: | | | | |
| Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б) | **«Сиқырлы қарындаш»** Мақсаты:Балаларды бояғыштарды дұрыс бояуға үйрету.Балаларды шығармашылық қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері».** «Шалқан» Мақсаты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету. | **Суретті лото** Мақсаты:Балаларды ойнауға үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту.Ұжыммен ойнауға тәрбиелеу | **«Қуыршақтарға үй құрастырамыз»** Мақсаты:Балаларды жан-жақты болуға үйрету.Баланың байқампаздығы мен тілін дамыту.Еңбекке тәрбиелеу. | **«Суреттегі домино»** Мақсаты:Балаларды суретерге қарап домино құрастыруға үйрету. |
| Таңертеңгі гимнастика 5мин | ***Жаттығулар кешені : қараша айы І-апта***<br>**І.Ұйымдастыру бөлімі**<br>**ІІ.Жалпыдамытужаттығулар**<br>1.Б.қ:«Құрсау жоғарда» «Құрсау жоғарда» Құрсауды жоғары көтеріп оған қарап төмен түсіру (5 рет)<br>2. Б.қ: «Құрсауды еденге қой»Алға еңкейіп құрсауды еденге қою,тұру,еңкейіп құрсауды еденнен алу (4 рет қайталау)<br>3. Б.қ: «Жан жаққа бұрылы» Оң жаққа бұрылу б.қ, келу Сол жаққа бұрылу б.қ. келу (6 рет қайталау.)<br>4. Б.қ: «Отырып тұру» Отыру,құрсауды еденге қою б.қ. келу( 5-рет)<br>5.Б.қ «Құрсауды алда» Құрсауды алға созып түсіру(5 рет)<br>**ІІІ.Қорытындыбөлім**<br>Қатардан сапқа тұру.Жеңіл жүгіру.Жай жүру. | | | | |
| Таңғы ас | Ойын-жаттығуы: Ойнаймыз – күлеміз, Асқа да дайынбыз.<br>Астаң соң күнде біз, Беті – қол жуамыз. | | | | |
| Ойындар. | **Дид.ойын: «Ыдыстар»** Мақсаты: Ыдыстар | **Дид.ойын:«Үй құстарын ата»** | **Дид.ойын: «Тәулік бөліктерін ата»** | **Дидактикалық ойын:** | **Дид.ойын: «Мамандықтарды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (ҰОҚ)<br><br>дайындық. | туралы түсінік беру; заттарды көлемі бойынша салыстыра білуге дағдыландыру.Ыдыстарды атауға, неден жасалғаны туралы, пайдасы,не үшін керек екені туралы айта білуге үйрету.<br>Ыдыстарды таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | Мақсаты: үй құстарын атау. Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Үй құстарына деген қамқорлық сезімін ояту. Табиғаттың жаршысы - құстарды, қорғауға, аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу. | Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту,тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. | **«Тура,кері сана»**<br>Мақсаты: Сандарды ретімен,кері санауға үйрету.Балалардың ой-өрісін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу. | **ата»**<br>Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |
| | **1.Білім беру саласы:** Әлеумет<br>**Білім беру саласы бөлімі:** Қоршаған ортамен таныстыру<br>**Тақырыбы:** Көлік түрлері. Жолда жүру ережесін сақтайық.<br>**Мақсаты**:<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (жаяу жол, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту), бағдаршам белгілерімен таныстыру, жолда жүру ережелері туралы білімдерін естеріне | **1.Білім беру саласы:**Таным<br>**Білім беру саласының бөлімі:**<br>Жаратылыстану<br>**Тақырыбы:**<br>« Құсхананы мекендеушілер»<br>**Мақсаты:** Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу | **1.Білім беру саласы:** Қатынас<br>**Білім беру саласы бөлімі:** Көркем әдебиет.<br>**Тақырыбы**: **«**Не деу керек?»<br>Әнуарбек Дүйсенбаев<br>**Мақсаты:** Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Бір шаңырақ астында<br>Тату-тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да, | **1.Білім беру саласы**: Қатынас<br>**Білім беру саласы бөлімі:** Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы:**<br>Кішкентай бағбан (М.Төрежановтың әңгімесін әңгімелеу)<br>**Мақсаты:**<br>«Кішкентай бағбан» әңгімесінің мазмұнын түсіндіру.<br>**Міндеттері:** а) Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім | **1.Білім беру саласы:**Таным<br>**Білім беру саласы бөлімі:** Математика негіздері<br>**Тақырыбы**: 3 саны мен цифры. 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең.<br>**Мақсаты:**3 цифрымен таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>математикалық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | түсіру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Амандасып алайық.<br>Қайырлы таң Алтын Күн!<br>Қайырлы таң, Көк аспан!<br>Қайырлы таң, Жер ана!<br>Қайырлы таң, Табиғат!<br>Қайырлы таң, Достарым!<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Дид ойын:** «Көліктерді ата»<br>Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады? (Жүргізуші)<br>Жүргізуші ең бастысы нені білу керек? (Мәшине жүргізуді, жолда жүру ережесін және т.б).<br>Балаларға көлік түрлерінің суреттерін көрсете отырып, бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтуға болатындығын сұрайды (көліктер). Егер бала жауап бере алмаса, өзі айтады.<br>Ойыншық мәшинелерді көрсетіп, олардың атын, атқаратын қызметін сұрайды.<br>Мынау не? (Автобус).<br>Автобус қандай жерлерге барады? (Ауылға, қалаға | **ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Кел,балалар,күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**Дид ойын:** «Үй құстарын ата»<br>Неліктен бұл құстарды үй құстары<br>деп атайды?<br>Құсхана немесе құс ауласы деген<br>не? (Бұл жерде адам тауық, қаз үйректерді өсіреді). Адам бұл құстарды не үшін өсіреді?<br>Неліктен бұл құстар қалада<br>мекендемейді? Адам оларға қалай<br>күтім жасайды?<br>Ойланып, қаз бен үйректің<br>ұқсастығын айтуды ұсынады.<br>Бұл құстарды бір сөзбен – суда<br>жүзетін құстар деп атауға<br>болатынын түсіндіреді.<br>Педагог қаздың сирағының суретін көрсетеді.<br>– Міне, суда жүзетін құстардың | Бірге сайран құрамыз.<br>-Бүгінгі оқу қызметімізде Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Не деу керек?»өлеңімен танысамыз.<br>Өлеңді мәнерлеп оқып беру.<br>**Не деу керек?**<br>Апаң сенің базардан<br>Алма сатып әкелді,<br>Ең үлкенін,жақсысын<br>Саған таңдап әперді,<br>Не деп барып жеу керек?(Рақмет,апа)<br>Балалар жүр көшеде,<br>Естіледі шу-айқай.<br>Сен не деуді ұмыттың?(Кешіріңіз)<br>Әжең түскі тамаққа<br>Қант-кәмпитті салды мол.<br>Жұрттан бұрын ыдысқа<br>Әй-шәйі жоқ салдың қол,<br>Жөн еді не айтқаның?(Рұқсат па?)<br>-Добын апар Назардың,-<br>Деді ағаң,бармадың,<br>Тапжылмадың,сазардың,<br>Аға тілін алмадың,<br>Сен қай сөзді айтпадың?(Қазір,аға)<br>**Сергіту сәті:**<br>Қанат жаям жалма-жан, | мен зат есіммен тіркесіп жасалған айтылуына көңілдерін аудару. ә) Тілдік қорын байыту; балалар әдебиетіне қызығушылықтарын дамыту. б) Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Достарды біз қолдаймыз,<br>Қиын шақта қорғаймыз.<br>Біздің топта ұл-қыздар<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>*Әңгіме оқу:*<br>Кішкентай бағбан.<br>(Балаларды шеңбер бойымен кілемге отырғызып алу).<br>Садықтың әкесі – бағбан. Садық оған ылғи көмектесіп жүреді. Қар кетіп, жер дегдісімен әкесі мен баласы бақта құмырсқаша қыбырлап, еңбек етті.<br>Бір күні Халел жүгіріп келіп:<br>– Кеттік, Садық, ойынға, – деді.<br>– Менің жұмысым | жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету; 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру; нүктелерді қосып, 3 цифрын салуды үйрену; өзге цифрлардың арасынан 3 санын табу; жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Кел,балалар,күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>1-тапсырма.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Айгүл келді бірінші боп бақшаға,<br>Қосылды оған Бибігүл мен Марат та,<br>Балғындарды ойнап жүрген топтағы<br>Санап берші сен бізге бір ойлан да.<br>Педагог суретте қанша бала болса, жолақтың ішіне сонша дөңгелек салуға тапсырма береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барады).<br>Ал мынау не? (Трамвай).<br>Трамвай қандай жолмен жүреді? (Ол – трамвай).<br>Трамвай темір жолмен жүреді (Трамвайға адамдар бір жерден екінші жерге бару үшін отырады).<br>Адамдар трамвайды не үшін (қандай мақсатта) пайдаланады?<br>Автобус пен трамвайдың ұқсастықтары қандай? (Екеуі де адамдарды тасиды. Екеуінің де кабинасы, шанағы бар).<br>Айырмашылықтары қандай? (Трамвай автобус сияқты кез келген жерге бара алмайды. Олардың дөңгелектері әртүрлі).<br>Трамвайдың кез келген жерге бару үшін не керек? (Темір жол керек).<br>Темір жолмен тағы да қандай көлік түрі жүреді? (Пойыз жүреді).<br>Не үшін барады?<br>Пойыздың қандай айырмашылығы бар? (Пойыз алыс жерлерге бара алады. Және пойыздың бірнеше вагондары бар. Сол себепті ол ұзын). | аяғы осындай болады.<br>Балаларды тәжірибе жасап көруге шақырады.<br>Қорытынды жасайды: құстармен<br>де осылай болады.<br>Олардың қауырсындары майланып тұрады,<br>сол себепті суланбайды. Қаз,<br>үйректердің үстіне су жұқпайды,<br>тамшылары шашырап кетеді.<br>Ал тауықтың қауырсындары майланбайды, олар суға түссе, су<br>болады. Сол үшін де үрпе-түрпесі<br>шығып тұрған адамға «суға түскен тауықтай» деп айтады.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Шөжелерім (**музыкалық үзіліс**)**<br>**(**Балалар ән айтып, педагогтің қимылдарын қайталайды**).**<br>**Сөзі: Н. Мүтталибов**<br>**Әні: Г. Гусейнли**<br>**Аударма жасаған: М. Әлімбаев**<br>**Дид ойын:** «Кім қалай | Талпынғандай ұшуға.<br>Иіліп қол созамын<br>Аяғымның ұшына.<br>**Сұрақ-жауап** арқылы әңгімелеу:<br>-Балалар,сыйлық алғанда не деп барып алу керек?<br>-Абайсызда досыңды немесе көршіңді ренжітіп алсаң,не деу керек?<br>-Дастарқан басында сен өзіңді қалай ұстайсың?(Әдепті,сыпайы)<br>Балалар шеберханаға барып алма мен доптың суретін салып,бояйды.<br>**Қим ойын:** «Жемістер мен көкөністерді кім тез жинайды?»<br>Қорытындылау.<br>Мақтау,мадақтау.<br><br>**2. Білім беру саласы:** Шығармашылық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**<br>Мүсіндеу.<br>**Тақырыбы:** «Әдемі торғай »<br>**Мақсаты:** Сюжеттік мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Міндеттері: құстың бөлшектерін дайындап, | көп, – деп жауап берді Садық оған.<br>– Жұмыс деген немене тәйірі! Әкең бәрін де істейді ғой. Ойнаған қызық емес пе?!<br>Халел ойыншықтарының бірінен кейін бірін алып, көрсете бастады. Садық ойнағысы келіп кетсе де, өзін-өзі басып, жұмысын жалғастыра берді. Күз де келді. Бақта жеміс пен жидектің сан алуан түрі өсіп-жетілді. Садықтың өзі де қарық болды, досын да барынша сыйлады.<br>Халел тойып алып:<br>– Бәрін де түк қалдырмай жеп қоямыз, – деді<br>– Қалады, – деп жауап берді Садық.<br>– Әкем «Кім ойынға елікпей еңбек етсе, жер соны қарық қылады» деген.<br>– Бағбан деген кім? (Бағбан деп бақша егетін адамды атайды).<br>«Телефон» ойыны | 2-тапсырма.<br>Тәрбиеші балалардан 3 цифрын сандар қатарынан тауып, оны бояуды өтінеді. Көп моншақтың ішінен тек 3 моншақты ғана санап бояйды.<br>3-тапсырма.<br>Тәрбиеші 3 цифрын тауып, оны сызып қоршауларын тапсырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Мойнымызды бұрамыз.<br>Қолымызды көтеріп,<br>Саусақты ашып-жұмамыз.<br>Содан соң қолды түсіріп,<br>Иықты кері жіберіп,<br>Алақанды соғамыз.<br>4-тапсырма.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)<br>Балалар күз туралы білетін тақпақтарын айтады.<br>Тәрбиеші жылдың 4 мезгілі (күз, қыс, көктем, жаз) суреттелген суреттерді іледі. Балалармен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұқсастықтарын неден байқауға болады? (Пойыз да адамдарды тасиды. Бірақ пойыз адамдарды алыс-алыс жерлерге апарады).<br>Сендер тағы адамдарды таситын қандай көліктерді білесіңдер? (Ұшақ, кеме).<br>Ұшақ пен кеменің айырмашылығы неде? (Ұшақ аспанда ұшады, ал кеме суда жүзеді).<br>Қоғамдық көлік түрлерінің құрғақта жүретін, суда жүзетін, темір жол арқылы жүретін және әуеде ұшатын болып бөлінетіндігіне және пойызды жүргізетін адамның жүргізуші, ал кемені басқаратын адамның капитан деп аталатындығына тоқталу. Сонымен қатар, кеме мен пойыз жолаушыларды алыс жерлерге таситын болғандықтан олардың ішінде адамдарға жағдайдың жасалғандығын (тамақтанатын, ұйықтайтын т.б жердің болуы) айтады. Сонымен қатар жүк таситын | дыбыстайды?»<br>Ойланып, адамға үй құстарының<br>әкелетін пайдасы туралы айтуды<br>ұсынады.<br>Қорытындылау.<br><br>**2.Білім беру саласы:** Қатынас.<br>**Білім беру саласының бөлімі:** Орыс тілі.<br>**Тақырыбы:**Продукты питания.Посуда.<br>**Мақсаты:** Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по теме,учить отвечать на вопросы полным предложением.Развивать словесно-логическое мышление,воображение, связную<br>речь.Воспитывать у детей бережное отношение к продуктам питания.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Приветствие: «Друг»**<br>Собрались все дети в круг,<br>Я-твой друг и ты-мой друг.<br>Вместе за руки возьмемся<br>И друг другу улыбнемся!<br>**Дид игра:** «Назови | бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру; сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру; балаларды құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Шаттық шеңбері:<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері.<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді.<br>Тәрбиеші балаларға тақпақ оқиды:<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап.<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шық-шық етіп отырмақ.<br>– Балалар, құстың дене құрылысына сипаттама беріңдерші. – Ол қалай қоректенеді?<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, қанат жазайық,<br>Құс боп желмен ұшайық. | арқылы қайталату.<br>Шарты:«Бағбан» сөзін шеңбер бойымен бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы, ең соңғы баладан қандай сөз естігендігін сұрау.<br>«Ғ» дыбысына жаттығу орындау.<br>Бағ-бағ-бағ-бағбан.<br>Бұғ-бұғ-бұғ-бұғы.<br>Қағ-қағ-қағ-қағаз.<br>Сұрақтар:<br>– Әңгіме қалай аталады? (Кішкентай бағбан)<br>– Неге ол «Үлкен бағбан» деп аталмаған? (Өйткені бағбан Садық кішкентай).<br>– Садық қандай бала? (Садық – еңбекқор бала).<br>– Ол бақта не егеді екен? (Ол бақта әкесіне көмектесіп, жемістер егеді).<br>**Сергіту жаттығуы**.<br>Гүл өсірсең терлеп,<br>Мұның аты – еңбек,<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Онын аты – еңбек.<br>Қырға шықсаң өрлеп,<br>Оның аты – еңбек.<br>Қиындықтың бәрін,<br>Еңбек қана жеңбек. | талқылайды.<br>Тәрбиеші күз ағаш бұтақтарын тауып, бояуды тапсырады.<br>Қорытындылау.Бағала у.Мадақтау.<br><br>**2.Білім беру саласы**: Шығармашылық<br>**Білім беру саласының бөлімі:** Сурет салу<br>**Тақырыбы:** «Үйдің суретін саламыз. (Заттық сурет саламыз) »<br>**Мақсаты:** Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру.Бояу түсін таңдай білу,сурет салуға қызығушылығын арттыру.Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Шеңбер болып тұрайық.<br>Алақанды ашайық.<br>Күннен жылу алайық,<br>Жүрекке жылу салайық.<br>Жиналған жылы шуақты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кемелер мен пойыздың бар екендігіне тоқталу.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біздер қазақ баласы,<br>Сәлем сөздің анасы.<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Біздер сәлем береміз.<br><br>Міне, көрдіңдер ме, балалар, адамдар үшін қызмет ететін көлік түрлері көп екен. Ал осындай көліктерге отыратын адамдарды жолаушылар деп айтамыз. Енді, балалар, мына суретке қараңдаршы. Сендерге осы көлік түрлерінің ішінен қандай көлік таныс?<br>Өрт сөндіруші мәшинесін қандай жағдайда пайдаланамыз?<br>Өрт сөндіруші мәшинесінің түсінің неліктен қызыл болатындығы, жедел жәрдем мәшинесінің неліктен жабық түрде болатындығы және оны не үшін пайдаланатындығы, трамвай, өрт сөндіруші және жедел жәрдем | правильно посуду»<br>**Речевое упр:** «Будь здоров»<br>Чтобы быть здоровыми,сколько раз в день нам нужно кушать?<br>Как называется прием пищи утром?<br>Утром завтрак,мы завтракаем,днем у нас...обед-обедаем,полдник-полдничаем,вечером-ужинаем.<br>**Физминутка. «Сварим кашу»**<br>(держась за руки идут по кругу).<br>1,2,3 Кашу нам,горшок,вари.Мы внимательными будем-ничего не позабудем.<br>Наливаем молоко.<br>Сыпем соль.<br>Сыпем сахар.<br>Насыпаем мы крупу.<br>Каша варится:пых-пых,пых-пых.<br>Для друзей и для родных!<br>(Дети-продукты пляшут,остальные хлопают в ладошки).<br>**Дид игра:** «Принеси посуду и для чего она нужна?»<br>Воспитатель задавая | Ұшып-ұшып алайық,<br>Ұямызға қонайық.<br>Үлестірмелі материалдарға назарларын аударады. Қыстап қалатын құстар туралы білімдерін еске түсіреді.Торғай туралы мәлімет беріледі. Оның дене құрылысына талдау жасалады.<br>– Балалар, біз бүгін торғайды мүсіндесек қайтеді?<br>– Торғайды мүсіндеп, суреттегі торғай қонып отырған ағаштың бір бұтағына орналастырамыз.<br>– Торғайды жасау үшін екі домалақ дайындап аламыз, үлкені – денесі, кішісі – басы болады. Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп, екі саусақпен қысып құйрығын шығарып, құйрығының ұшын жалпақтаймыз. Кішкентай домалақ бөлшек құстың басы болады, екіншісінің де құйрығын солай созамыз. Енді екеуін қосамыз. Құстың аяғын жасаймыз. Дайын құсты ағаштың бір | (Н.Жанаев)<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Көкөністер мен жемістерді ажыратып, себеттерге орналастыр»<br>**Мақсаты:** Көкөністер мен жемістерді ажырата білу.<br>**Ойын шарты**:<br>Сөйлеуді дамыту дәптерімен орындалады.<br>Суреттегі жемістерді бір бөлек, көгөністерді бір бөлек себетке топтау.<br>– Әңгімеміздің жалғасына оралайық, бір күні Садыққа кім келді, ойнайықшы деп?<br>– Халел қандай бала екен? (Халел жалқау бала екен).<br>– Ал Халелдің ол ісі дұрыс па?<br>– Ал Садықтың іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Неліктен?<br>Әңгіме соңында қалай аяқталды?<br>**Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру**.<br>**Еңбек етсең ерінбей** | Бір бірімізге сыйлайық.<br>Қонаққа екі қуыршақ келеді.<br>-Балалар қуыршақтарға үй салып береміз ба?<br>-Балалар,үйді кімдер тұрғызады?(Тәрбиеші балалар мен әңгіме жүргізеді).<br>Әртүрлі үйлердің суреттерін көрсетеді.<br>Үйді салу жолдарын түсіндіріп,суретті аяқтатады.<br>Бір қабатты үй.<br>1.Бір қатарға екі терезе салу үшін жоғарыдан төмен қарай түзу сызық сызылып,шаршы жасалады.<br>2.Есігі тік төртбұрышқа ұқсайды.<br>3.Шатыры үшбұрыш болып келеді,парақтың жоғарғы жағына нүкте қойып,әртүрлі жаққа екі сызық жүргізіледі.<br>**Бой сергіту:**<br>Мен құрылысшы боламын,<br>Зәулім үйлер саламын.<br>Өз қаламды көркейтіп,<br>Ел алғысын аламын.<br>Көп қабатты үй. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәшинесінің атқаратын қызметі, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы, көліктің құрылысы (кабинасы, шанағы, дөңгелектері) туралы салыстырмалы түрде сұрақтар қоя отырып, толық мағлұмат береді.<br>**Қим ойын:** «Бағдаршам» Қорытындылау.Мадақтау<br><br>**2.Білім беру саласы**:Денсаулық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:**<br>« Қуыршақтар: Айя, Майя, Серік пен Арман»<br>**Мақсаты:** музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынмен қозғалу білігін дамыту.<br>**Міндеттері:** музыкалық сүйемелдеумен түрлі бағытта, әртүрлі ырғақпен қозғалу: ырғақпен жүру, жеңіл жүгіру. Тепе-теңдікті сақтауға жаттығу, басына қапшық қойып жіпті бойлай жүру қабілетін нығайту және басты дұрыс ұстауға үйрету; әдемі жүруге дағдыландыру, дене | вопросы делает анализ. | бұтағына орналастырамыз. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді «Жапалақ» ойынын ойнайды. «Күн» дегенде балалар «ұшады», жапалақ дегенде ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады.Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді. Қорытындылау.Мадақтау.<br><br>**3.Білім беру саласы:**Денсаулық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы: «**Ғажайып сандық»<br>**Мақсаты:** музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынмен қозғалу білігін дамыту.<br>**Міндеттері:** қатар жатқан қос сызықтың ортасымен кең адымдап жүруге үйрету. Түрлі ырғақпен музыкаға сәйкес әртүрлі қозғалыстар жасау, ырғаққа сай жүру, қолдарын | **Тояды қарның тіленбей.**<br>Әңгімені мазмұндауға үйрену керек екендігін айту. Балалар түсінгенін айтуға тырысады. Қорытындылау.<br><br>**2.Білім беру саласы:**Денсаулық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:**<br>**«**Қонжық қалай шынықты?»**(таза ауада)**<br>**Мақсаты:** қозғалыс үйлесімділігі дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** самокат тебуді үйрету, бір аяқпен жердің бетінен күшпен итерілу. «Жыланша» жүріске және жүгіруге жаттықтыру, заттарды оң жақтан және сол жақтан айналып өту қабілетін жетілдіру. Қимылдарды саппен орындау қабілетін қалыптастыру. Қолды бастан жоғары көтеріп | Бірнеше қатарға(3-5 қабатты үйлерде) терезелер салынады. Қабаттардың арасында қылқаламды оңға,солға жылжыта отырып салу керек.Үйдің түсі күлгін,ашық жасыл,көк болғаны дұрыс екенін түсіндіреді.Терезе,шатыр,есіктердің шеттерін бояу керектігі айтылады.Дәптерлерін ұқыпты ұстаулары қадағаланады. Балалардың жұмысын талдау.Қуыршақтар балаларға алғыстарын айтады.Мақтау,мадақтау.<br><br>**3.Музыка.**<br>**Тақырыбы**:<br>«Жемістер бағында»<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын түсініп,эмоциялармен көрсете білуге дағдыландыру.Әуеннің ауыспалы сипатын беруге,табиғат құбылысын музыкамен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сымбатының бұзылуының алдын алу. Бір орында айналып секіруге үйрету, айналу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулу, қозғалыстың айқындығы мен баланың ой-қиялын дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Ойын сәті: балларды сиқырлы таяқшаның көмегімен қуыршаққа айналдыру.<br>**ІІ. Негізгі кезең.**<br>Доппен)<br>1. Б.қ.: аяқтарының арасын иықпен бірдей етіп ашып, доп ұстаған қолдарын төмен түсіріп тұрады. Допты алға, жоғары көтереді, допқа қарайды, төмен түсіреді. Б.қ. (5-6 рет)<br>2. Б.қ.: өкшеге отырады, доп ұстаған қолдарын төмен түсіреді. Тізерлеп тұрып, допты жоғары көтереді, отырады. Б.қ. (5-6 рет)<br>3. Б.қ.: өкшеге отырады, доп ұстаған қолдарын алға қарай созады. Допты | | қозғалтып алға-артқа жеңіл жүгіру. Допты бір-біріне домалатуға жаттығу, допты қос қолдап серпіп итеру қабілетін қалыптастыру; көзбен мөлшерлеу, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында қайырымдылық, дербестік, ойыншықтарды күтіп ұстау сынды қасиеттер қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Ойын түріндегі жаттығу: «Сандықты тап!». Балалармен бірге сиқырлы сандықтан тапқан ойыншықтарды зерттеу.<br>**ІІ. Негізгі кезең.**<br>Ырғақты-музыкалық қозғалыстар. Ойын түріндегі жаттығу: «Бізге кім қонаққа келді?» – табанның сыртқы жағымен жүру. Тізбекте бір-бірден музыканың ырғағымен жүру жаттығуларын кезекпен орындау (музыканың ырғағы | шапалақтап, ырғақпен секіруге жаттықтыру (аяқтары бірге, аяқтарының арасын ашып).<br>Жалпақтабанның алдын алу – табандағы буындардың қозғалғыштығын арттыру. Организмнің жалпы төзімділігін, ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Тәрбиеленушілерге кімнің ең епті екенін анықтауды ұсынады: қыздардың тобы немесе ұлдардың тобы.<br>**ІІ. Негізгі кезең.**<br>**Қимылды ойын**: «Өз түсіңді тап!»<br>Алаңның әр жеріне тәрбиеші әр түсті бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тобы қызыл түсті кегельдерді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельдерді айнала тұрады. Тәрбиешінің «Серуендеуге!» деген белгісі бойынша | байланыстыра білуге үйрету.Дикцияның тазалығына,әнді анық айтуға дағдыландыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Кішкентай полька»<br>Муз.амандасу жаттығуы: «Қадам бас!»<br>Дау.жат.: «Гамма», «Стакатто»<br>Ән айту: «Апорт деген тәтті алма»<br>Д\о: «Бауырсақ» музыкалық жұмбағы<br>Муз.ойын: «Қасқыр мен көкөністер» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оңға қарай өзінің төңірегінде айналдырады, допты қолмен итереді. (Екі қапталға қарай 3 реттен)<br>4. Б.қ.: шалқасынан жатып, допты басынан асырып ұстайды. Тізесін бүгіп көтереді, допқа тигізеді, тіктейді. Б.қ. (6-7 рет)<br>5. Б.қ.: аяқтарының арасын ашып, допты алдына қойып отырады. Допты жоғары көтереді, допты еденге тигізіп, мүмкіндігінше ұзақ ұстайды, бойын тіктейді. Бастапқы қалыпқа оралады. (5–6 рет)<br>6. Б.қ.: аяқтың арасын сәл ашып тұрады, доп еденде тұрады. Допты айналып қос аяқтап секіру және жүгіру жаттығуларын кезетестіріп орындау. (3 рет).<br>**Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындайды**.<br>Тепе-теңдік – төбесіне құм толтырылған қапшық қойып, тігінен тасталған жіп бойымен жүру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Құлатпай алып өт» – жіптерден жасалған | | мен характері әртүрлі, әр қонақ өзінше жүреді және әрқайсысының өз музыкасы бар)<br>Кешенді орындау барысында дене сымбатын бұзбай, денені тік ұстау.<br>Екі тізбекке тұрады.<br>**Негізгі іс-қимылдарды орындайды**:<br>Ойын түріндегі жаттығу: **«Жолмен жүріп өт».**<br>Нұсқау – ырғақпен, адымды барынша кеңірек ашып жүру қажет.<br>**«Тізерлеп тұру»** қалпында допты бір-біріне домалату.<br>Балалардың назарын допты қолмен екпінмен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға аударады.<br>**Ойын: «Секір-бұрыл».**<br>Ойын тәртібін еске салу. Балалардың жерге дұрыс түсуін қадағалау.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында тәрбиеші  балалармен жеке-жеке жұмыс | барлығы бүкіл алаңмен түрлі бағытта жүгіреді. Келесі: «Өз түсіңді тап!» деген белгі бойынша балалар өз кегельдерін табуға тырысып, өз орындарына жүгіреді.<br>1. «Таңғаламыз»<br>2. «Иық». Иықтармен жұмыс істейміз, иығымызбен билейміз.<br>3. «Мұрынның бір жағымен дем алу»<br>Демді мұрынның бір жағымен ақырын, ұзақ уақыт шығарып, өкпені ауадан босатамыз және диафрагманы мүмкіндігінше жоғары көтереміз.<br>4. «Демді ұстау»<br>5. «Түтікше тәрізді ерін»<br>6. «Шамды үрлеу»<br>Жаттығуды орындаған кезде денені тік ұстау қажеттігін еске салады.<br>**Негізгі іс-қимылдарды орындайды**:<br>Екі аяқпен секіру – аяқтарды қосып, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қос сызықтың ортасымен әдемі жүріп өту қажет. Өзін айналып бұрылып бір орында секіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Секір-бұрыл».**<br>Бір қатардағы қуыршақтар музыканың ырғағымен секіреді, екінші қатар қол шапалақтап тұрады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Алыптар мен құртақандар».**<br>Тәрбиеші адым ұзындығының бойға тәуелді екенін түсіндіреді. Балалардың берілген командаларды дұрыс орындауын қадағалайды.<br>**Қорытынды кезең**<br>Саппен жүру. | | істейді.<br>Қорытындылау. | аяқтың арасын ашып, қолды бастан асырып шапалақтау – ырғақпен секіру, аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату (аяқтардың арасын ашқанда – қолды қапталға созамыз, аяқты қосқанда – шапалақтаймыз).<br>Жүру; заттар қатарын айналып жүгіру, заттардың арасымен «жыланша» жүру.<br>Дене сымбатын сақтауға, қозғалыс сұлулығына назар аударуға шақырады.<br>Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар<br>**«Дауылпаз»**<br>Тізені бүгіп еденге отыру. Жаттығуды орындау барысында тізені біртіндеп түзетеді.<br>**«Қарақшы»**<br>Тізені бүгіп еденге отырады. Өкше еденге тиіп тұрады және жаттығу жасау барысында өкшені еденнен алмайды. Жаттығуды алдымен бір аяқпен, сосын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | екіншісімен орындайды.<br>**«Бояушы»**<br>Еденде аяқтарын созып отырады.<br>**«Құрастырғыш»**<br>Тасыған кезде заттарды құлатып алмауға тырысу қажет.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аю»**<br>**Спорттық жаттығулар – самокатпен сырғанау.**<br>Тәрбиеші тәрбиеленушілерге самокатпен сырғанауды ұсынады. Жердің бетінен бір аяқпен екпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтау білігіне баса назар аударылады.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында тәрбиеші балалармен жеке-жеке жұмыс істейді<br>Ойын: «Тыныштық».<br>Аю балалармен қоштасады.<br>Қорытындылау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен:<br><br>Серуеннен оралу | **Серуен №1**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:**торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торғай қандай болып көрінеді?<br>Ал қанаты мен құйрығы қандай?<br>Ал басының түсі қандай?<br>Торғайлар қайда өмір сүреді?<br>Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен?<br>Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)<br>Күзде торғайлар немен қоректенеді?<br>**Еңбек**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>Мақсаты:<br>-Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>-Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қ/О:** «Құстардың ұшуы».<br>Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. | **Серуен №2**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>-Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>*Мақсаты:*<br>-балаларды жүкіруге үйрету;<br>-зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау | **Серуен №3**<br>**Емен ағашын бақылау**<br>***Мақсаты:*** Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру<br>Мақсаты: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту<br>**Еңбек**<br>Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау<br>*Цель:* ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:**«Аққу-каздар».<br>Мақсаты:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру | **Серуен №4**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>-Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)*<br>Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған<br>(қырау)<br>**Еңбек:**Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .<br>**Қ/О:**«Бәйге»<br>Мақсаты:<br>-Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>-Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу. | **Серуен №5**<br>**Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау**<br>Мақсаты: ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)<br>Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікенекті, жапырақты.)<br>Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (діңі, бұтағы, тамыры)<br>Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету.<br>**Қ/О:**<br>«Жұбыңды қуып жет».<br>Мақсаты: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру |
| Серуеннен оралу | Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету. | | | | |
| Вариативтік бөлім | | **Вариативтік бөлім**<br>**Тақырыбы:** Тапқыр болсаң тауып көр.<br>**Мақсаты:** Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау | | **Вариативтік бөлім:**Мен елімді сүйемін.<br>**Тақырыбы:**<br>«Қазақша отыру түрлері» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Дид ойын:**Төртінші артық ойыны-тауық , үйрек , қаз,<br>-қар , жаңбыр,<br>-емен , қайың, терек,<br>-шаршы , төртбұрыш , үшбұрыш<br>Ойынның шарты бойынша артық сөзді табады.<br>-аққу ,<br>-найзағай,<br>-шырша,-шеңбер,<br>Ұйымдастырушылық ізденіс<br>Күтпеген сәттеән әуенімен<br>Тиін мен Қоян келеді.<br>Сәлеметсіздер ме,<br>Бізге сендердің көмектерің керек. Мына тапсырмаларды орындасақ қана өз үйімізді таба аламыз.<br>**1-тапсырма**<br>Бірдей заттарды тап сызба арқылы заттардың ұқсас ерекшеліктерін | | **Мақсаты:** Балаларды қазақша отыру түрлерімен таныстыру. Қыздар мен ұлдарға тән отырыстар болатынын түсіндіру. Әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Біздер қазақ баласы,<br>Сәлем сөздің анасы.<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Біздер сәлем береміз.<br>Балаларды қазақша отыру түрлерімен таныстыру.<br>Қыздар мен ұлдарға тән отырыстар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ата,сызықпен белгіле.<br>**2-тапсырма**<br>Танграмойыны.<br>**3-тапсырма** логикалық есеп<br>Тез есепте<br>**4-тапсырма**<br>Дымбілмес алдында 4 құлпынай , содан кейін 3 құлпынай жеді.Дымбілмес барлыға неше құлпынай жеді?5)Айнұр 2 пирамида, ал Гүлнұр 3 пирамида құрастырды.Екі қыз неше пирамида құрастырды?<br>**5-тапсырма** сызбамен жұмыс Тиін мен Қоянның қай үйде тұратынын сызба арқылы табады.<br>Сызба арқылы Түлкі мен Қоянның үйлерінің бағытын сызба арқылы көрсетіп береді.<br>Тиін мен Қоянмен қоштасады.Қорытындыла у. | | болатынын түсіндіру.Ұлдар молдас құрып отырады.Қызда р аяғын жинап етегімен жауып отырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br>Қорытындылау. | |
| Ойындар, дербес әрекет | **«Сиқырлы суреттер»**<br>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін | **«Даусынан таны»**<br>Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру дауыстарды ажырата | Сюжетті ойын: **«Дәрігер»**<br>Мақсаты: Өз денсаулықтарына ұқыпты қарауға,өзгеге | **«Пирамида жинау»** ойыны<br>Мақсаты: көлеміне қарай жинауға | Ойын: **«Көлік тұрағын құрастыр»**<br>Мақсаты: Текшелерден өз қиялдарынан құрастыруды үйрету.Ойлау қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.Ептілікке тәрбиелеу. | білуге дағдыландыру. | көмек көрсетуге үйрету.Ой-қиялын дамыту. | үйрету.Ойлау қабілетін дамыту.Ептілік ке тәрбиелеу. | дамыту. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты) | Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауға үйрету: Толғанай, Жанерке. | Көп», «біреу», «бір-бірден», «бір де біреуі жоқ» түсініктерін үйрету:Інжу, Жұлдыз. | Түсі және көлемі бойынша ажыратуға үйрету:Бердәулет, Жангелді. | Заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап беруге үйрету:Асанәлі, Асылай. | Сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету:Айғаным, Кәусар, Ерасыл. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» | Психолог кеңесі: «Балаңызды қалай еркелетесіз?»сұрағын а жауап алу. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелеу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы» | «Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру. |
| «Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы. | | | | | |

**«Балдәурен» шағын орталығы**

**«Айгөлек» ересек тобының 08 .11- 12.11.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы**

Тәрбиеші: Алимсейтова.Г.С

**Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: | | | | |
| Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б) | **Құрлымдалған ойын**: «Не қайда тұрады?» **Мақсаты:** Ойын арқылы жануарларды өз мекеніне орналастыра алады. 4К моделі, бала үні. | Құрлымдалған ойын: **«Кімге не керек»** **Ойынның мақсаты:** Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта алады. 4К моделі, бала үні. | **Құрлымдалған ойын:** «Суретші қай жерде қателесті?» **Мақсаты:** Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады. 4К моделі, бала үні. | **Құрлымдалған ойын:** «Дастархан мәзірі» **Мақсаты:** балалар тағамдардың жалпы және жеке атауын ажыратып атай алады. 4К моделі, бала үні. | **Құрлымдалған ойын** «Әдемі гүл» **Ойынның мақсаты:** Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады. 4К моделі, бала үні |
| Таңертеңгі гимнастика 5мин | **Жаттығулар кешені : Қараша айы ІІ-апта**<br>**І.Ұйымдастыру бөлімі**<br>Сапта жүру, жеңіл жүгіру. Қолдарын беліне қойып аяқтың ұшымен жүру. Қатарға тұру.<br>**ІІ. Жалпы дамыту жаттығулар**<br>1. «Қуыршақтар билеп жүр». Қолдарын жандарына созу, «ох»-деп төмен түсіру (5 рет).<br>2. «Қуыршақтар иіледі»**.** Алға еңкейіп қолдарын артқа жіберу,түзеліп тұру. (5 рет)<br>3. «Қуыршақтар теңселеді». Оңға(солға) қисаю,б.қ. келу (6 рет)<br>4. «Секіру» .Бір орында екі аяқпен 8 рет секіріп жүру, қайта секіру (5 рет)<br>**ІІІ.Қорытынды бөлім**<br>Қатардан сапқа тұру. Жеңіл жүгіру. Саппен жүру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отырады, тамақтанады, асхана құралдарын дұрыс ұстайды мәдениетін қалыптастырады және сақтайды . Әдептілік ережелерін түсіндіреді.<br>Тәтті тамақ жейміз,<br>Рақмет аспаз дейміз. | | | | |
| Ойындар.(ҰОҚ) дайындық. | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындайды.<br>Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындайды. | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | **1.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Адам еңбегінің нәтижесі<br>**Ресурс:** еңбек құралдары суреттер.<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылайды.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Қызығушылықтарын ояту.** Ата келеді Сәлеметсіңдер ме,балалар? Мен еңбекқор атамын. Сендердің ақылды да зерек балалар екендеріңді естіп, алыстағы ауылдан сендердің қандай еңбек жасай алатындарыңды көргім келіп келдім. Сендер мені қалай таң қалдыра аласыңдар?<br>**Пед жет ойын:** «Мен | **1.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** Дәрумендер<br>**Ресурс**: көрнекі құралдар<br>**Әдіс-тәсілдер**: 4К моделі, бала үні, саралау, бақылайды.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Тосын сәт.** Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым,онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді,енді сендерден көмек сұрап келдім.Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенің айтып беріңдерші? Балалар көмектесеміз бе?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**«Суретпен жұмыс»** | **1.Көркем әдебиет**.<br>**Тақырыбы:** Көкөністер айтысы ертегі<br>**Ресурс**: көкөністер суреті<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылайды.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Мнемотехника жаз мезгілі.<br>Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Дұрыс, күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Осы күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Балалар күз бізге не сыйлайды ?<br>**Пед жет ойын.**<br>«Жемістер,көкөністер | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: :** «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»<br>**Ресурстар:**<br>Дәрумендер суреті.<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі: командада жұмыс жасау, өнім арқылы саралау.<br>**Қызығушылықтарын оятады.Тосын сәт**<br>Есік қағылып сандықша келу.<br>Кәне бәріміз ашып көрейікші.Ашылмайды.<br>**Пед жет ойын:** «Кім тапқыр?»<br>Шарты: Сандықты ашу үшін жұмбақтың шешуін табу.<br>Бұйра шашы желменен ойнап | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1, 2, 3 цифрлары. Биік – аласа.<br>**Ресурс:** таратпа материалдар.<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, саралау, бақылайды.<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы.**<br>**Тосын сәт.**Күшік келеді.Балалармен амандасады.Балалар күшік сендерге тапсырма әкеліпті. Орындаймыз ба? Бала үні.<br>**Ой қозғау.**<br>Өткен оқу қызметін естеріне түсіру.<br>**1-тапсырма:** Қандай сандармен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастаймын, сен аяқта»<br>Шарты: Еңбек туралы мақалды бастау, бала аяқтау.<br>Еңбек етсең ерінбей.....<br>**Ой қозғайды.**<br>Балалар қанекей біз атайға өзіміздің қандай еңбекқор екенімізді көрсетеміз бе?Ал ,сендер еңбек деген сөзді қалай түсінесіңдер? Сыни ойлау, бала үні.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Мына суретке қараңдаршы (кір жуып жатқан,үй сыпырып жатқан адамдардың т.б. суреттерді көрсетеді)<br>Суретте не бейнеленген? Адамдар немен айналысып жатыр? Мазмұн арқылы саралайды, сыни ойлайды, бала үні<br>**Құрлымдалған ойын**<br>«Құралын тап»<br>Шарты: Әр мамандықтың құралдарын ажыратып жинайды.<br>Балалар,енді біз еңбекші | Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар?Бір сөзбен айтқанда бұларды нелер дейміз? Ал,мына суретте не көріп тұрсыңдар? Оларды бір сөзбен айтқанда нелер дейміз?<br>Балалар біз дәрумендерді қайдан аламыз?<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлайлайды, бала үні,<br>**4.Дәруменнің пайдасы.**<br>Дәрумендердің А,В,С, Д, Е деген түрлері болады. Оларды біз күнделікті ішіп жүрген тағамдарымыздан кездестіреміз. Мысалы: «А» дәрумені: қызыл бұрышта, сарымсақта, қызанақта бар. «В» дәрумені: қиярда, қырыққабатта, сәбізде кездеседі екен. «С» дәрумені қарақатта, лимонда, мандаринде кездеседі. «Д» дәрумені: алмада, алмұртта, пиязда, жүзімде . Осы дәрумендерді көп | қайда өседі»?<br>**«Көкөністер түрлері туралы»** бейне көріністі тамашалау.<br>-Балалар бейне көріністі тамашалап, көкөністермен танысады.<br>**Қызығушылықтарын ояту.** Балалар, бір дыбыс естілетін сияқты, тыңдайықшы.<br>-Топқа ертегілер әлемінен Сиқыршы қонаққа келеді.<br>**Сиқыршы:**<br>Сәлеметсіңдер ме балалар, сендер ғажайыптарға сенесіңдер ме? Сендер ертегілер әлемінің ғажайып бақшасына барғыларың келе ме? Сиқырлы таяқшаны айналдырып: балаларды ертегілер әлемінің ғажайып бақшасына әкеледі.бала үні<br>**Сиқырлы сандық** | тұрады,<br>Қызыл мұрны жерге бойлап тұрады.<br>**(Сәбіз).**<br>Қалың киімді ұнатады,<br>Шешіндірсең жылатады. **(Пияз).**<br>Аласа талда алуан алма,<br>Ал қызыл болмай аузыңа салма<br>**(Қызанақ).**<br>Сырты тәтті, іші тәтті<br>Ортасы сүйек қатты<br>**(өрік)**<br>Сандық ішінен жемістер мен көкөністерді көрсету.<br>**Ой дамыту.**<br>Сұрақтар қою. Жемістер мен көкөністерде көптеген дәрумендер бар. Олардың біздің денсаулығымызға пайдасы өте көп.<br>**Құрлымдалған ойын :**<br>«Көкөністер мен жемістерді ажырат»<br>Бірнеше суреттер | таныстыңдар?<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>«Кім тапқыр?»<br>Шарты:Алдарындығы сандардың ішінен біз өткен сандарды табуларың керек.<br>Бір-бірден балаларды шақырып, өткен сандарды тауып алуын ұсыну. 1,2,3<br>Тура кері санау.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.<br>**2- тапсырма**: Биік ,аласа деген не? Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар? Балаларға биіктігі әртүрлі ағаштар мен үйлерді көрсетіп, салыстыруды сұрайды.<br>**Пед жет ойын:** «Биік, аласа»<br>Шарты: Қай ағаш биік , ал ағаш аласа? Ненің үйі биік? Ал, ненің үйі аласа? Сыни ойлау, бала үні<br>**3- тапсырма :**<br>**Пед жет ойын:** :<br>Көршісін тап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сырып тігеді. Шапандар әртүрлі тігіледі: сырмалы шапан, қаптал шапан, қыздарға арналған қималы шапан. Шапанды ерлер де, әйелдер де, балалар да киеді. Қыздарға арналған шапанның жаға-жеңіне, етегі мен екі өңіріне зер ұстайды. Түйме орнына асыл тастар орнатылған күміс қапсырма (ілгек) тағады. Ал ерлер мен ұл балаларға арналған шапандар ою-өрнектермен безендіріледі.<br>Күнделікті киетін баскиім, көйлек т.б. киімдерді үкілі тақия, қамзол, етік, тымақ сияқты ұлттық киім түрлерімен салыстырады. Тәрбиеші балаларға ұлттық киім кигенде әшекей бұйымды тақса, әдемі жарасатынын айта отырып, білезік, сырға, алқа, белдік суреттерін көрсетеді. Әшекей үшін пайдаланылатын бұйымдар туралы түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ. | представления о родном городе и Родине-Республике Казахстан.Учить называть на русском языке символы Казахстана.Развивать слуховое и зрительное внимание,словесно-логическое мышление,тонкую ручную моторику.Воспитывать уважение к госсимволам,любовь к родному городу,основы казахстанского патриотизма.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Приветствие: «Друг»**<br>Собрались все дети в круг,<br>Я-твой друг и ты-мой друг.<br>Вместе за руки возьмемся<br>И друг другу улыбнемся!<br>а)Рассказ воспитателя о Родине,рассматривание символов,обучение новым словам и выражениям.<br>Дети проговаривают слова и выражения по образцу воспитателя,отвечают на вопросы. | | назарын суреттегі күлдіргіштің жанындағы чемоданға аудару.<br>Тәрбиеші балалардан ол заттың атауын және оның күлдіргішке қажеттілігін сұрай отырып, чемодан туралы әңгімелеу (оның пішіні, түсі).<br>Балалар, ол заттың чемодан екенін және оның қажеттілігі туралы пішінін, түсін әңгімелеуге атсалысады.<br>– Чемодан сөзінің басында естілетін «Ч» дыбысын қайталайықшы.<br>Балалар «Ч» дыбысын педагогпен бірге қайталайды.<br>Буындар мен сөздерді қайталап, «Ч» дыбысын айтуға жаттығады.<br>«Ч» дыбысын дұрыс естіп ажырату үшін буын ішінде келтіріп, жаттықтыру:<br>Че-че-че – чек<br>Че-че-че – чемодан<br>Чи-чи-чи – чипсы<br>Чи-чи-чи – Чикаго т.б | бірақ айырмашылықтары бар аққалаларды көрсетеді. Содан соң қанша айырмашылық тапса, сонша шеңберді бояуға тапсырма береді.<br>Егер тапсырма дұрыс орындалған болса, төрт дөңгелек боялуы шарт.<br>**Қорытындылау.**<br>Сәуленің себетінде неше саңырауқұлақ бар екен?<br>– Сендер қандай цифрмен таныстыңдар?<br>Тәрбиеші балаларды мадақтайды.<br><br>**2.Білім беру саласы**: Шығармашылық<br>**Білім беру саласының бөлімі:** Сурет салу<br>**Тақырыбы: «** Ақша қар» (заттық сурет салу)<br>**Мақсаты:**Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу,бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді таңдап алу.Қардың ерекшеліктері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бесті беске қосайық,<br>Қатты-қатты соғайық.<br>Тәрбиеші балаларды өздерінің таңдауы бойынша екі орталыққа бөледі. Бірінші орталықтағы балаларға дайын қиылған қамзол мен бөріктің силуэтін өрнектеуді, екінші орталықтағы балаларға ұл бала мен қыз балаға арналған тақияның суретін аяқтау және өрнектеу керектігін айтып түсіндіреді.<br>Қорытындылау.Мадақтау<br><br>**2.Білім беру саласы**:Денсаулық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:**<br>«Біз – көңілді балалар»<br>**Мақсаты:** Доппен жаттығу жасау біліктерін қалыптастыру.<br>Міндеттері: допты еденге лақтыру, жерге тиіп секірген доптықос қолдың еркін қимылымен қағып алу қабілетін дамыту. Қойылған заттарға жанаспай, олардың арасымен бағытын ауыстыра | б)Рассматривание иллюстраций и беседа об астане.Беседа о родном городе.<br>**Физминутка.**<br>«В Қазахстане мы живем»<br>Речев упр: «Скажи на русском языке»-закрепление темы.<br>**Что такое Родина?**<br>Дети рассказывают о своих впечатлениях.<br>Воспитатель задавая вопросы делает анализ. | | Күлдіргіштің доптары туралы тақпағымызды қайталап, сергіту жаттығуын жасату.<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Домала, доп, домала,<br>Балшыққа тек жоламa.<br>Жек көремін оныңды,<br>Бүлдіресің қолымды.<br>Секіріп өр, ордан да,<br>Секіріп өт жолдан да,<br>Қуса күшік жетпесін.<br>Мәшине басып кетпесін.<br>(Ө.Ақылбеков)<br>Балалар қимылын келтіре отырып жасайды.<br>**Дидактикалық ойын:** «Суретті жалғастырып боя және әңгімеле»<br>Мақсаты: Балаларды дұрыс бояуға және әңгімелеу арқылы тіл байлықтарын дамыту.<br>Ойын шарты: Ойын<br>**Сөйлеуді дамыту дәптерімен** орындалады. Суретті жалғастырып боя және әңгімеле.<br>Балалар дәптермен жұмыс жасайды.<br>Суреттегі цирк үйінің киіз үйге ұқсайтындығын және | жайында түсініктерін қалыптастыру.Суретке көркемдік элементтерді кіргізе білуді үйрету.Әсемдікке тәрбиелеу<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Шеңбер болып тұрайық.<br>Алақанды ашайық.<br>Күннен жылу алайық,<br>Жүрекке жылу салайық.<br>Жиналған жылы шуақты,<br>Бір бірімізге сыйлайық.<br>Тәрбиеші балалармен бірлесіп қарды зерттеп, түстерін анықтайды.(жұлдызшаға ұқсайды, жылтыр жылтырайды, ақ, ақ сұр, ақша қар, аппақ)Қардың қандай екенін сұрайды..<br>Қарды ұстап көреді.<br>Еритінін, суға айналатынын, мұз болатынын анықтайды.<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Аппақ-аппақ көбелек,<br>Жерге қонар көлбеңдеп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып еңбектеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз; ептілік, организмнің жалпы төзімділігін дамыту. Қайырымдылыққа, айналадағы тіршілік иелеріне жағымды көзқарас қалыптастыруға ықпал ету; салауатты өмір сүруге және отбасымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға дағдыландыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Ойындық сәт: бізге әуе шары қонаққа келді. Балалардың назарын шардың көзіндегі жасқа аударады. «Неге шардың көзінде жас тұр, ол неге көңілсіз?» деп сұрайды. Өтініш жасайды: «Шарды салауатты болуға және көңілді жүруге үйретіңдер».<br>**ІІ. Негізгі кезең.**<br>Ойын: «Белгіге құлақ сал». Қолдарына доп ұстап (оң қолға) зал ішінде «шашырап» | | | оның төбесінің үшбұрышты екендігін әңгімелейді.<br>**Қорытынды.**<br><br><br>**2.Білім беру саласы:**Денсаулық<br>**Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** «Достармен ойнау» **(таза ауада)**<br>**Мақсаты:** нысанаға дәлдеп лақтыру және ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Міндеттері: тексшені көлденең нысанаға қолды екпінді түрде түзету арқылы лақтыруға үйрету, көз мөлшерін дамыту. Бір орыннан ұзындыққа секіру кезінде дұрыс бастапқы қалыпты бекіту, қолдың төмен-алға қарай қозғалысын аяқтың итерілуімен үйлестіре орындау. Ептілікті, төзімділікті, қиялын дамыту. Мейірімділік пен толеранттылыққа | Ақ жұлдызша себелеп,<br>Ұстатпайды, не керек?<br>Тәрбиеші балалардың көңілін жауып тұрған қарға аударады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Әппақ, әппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр далада.<br>Әппақ дала, барлық бала,<br>Қуанып жүр далада.<br><br>Қазір барлығымыз суретшіге айналып, осындай әдемі қардың суретін қылқаламның тек ұшымен жеңіл сызықтар жүргізу арқылы саламыз.<br>Ең бірінші, әртүрлі бейнедегі бұлттар саламыз. Ол үшін сызықтарды анық етіп басып сызып салу керек.<br>Қарды салғанда оңнан солға қарай сынық, түзу сынық салу қажет, дәл ортасынан түзу сызық түсіреміз, сызықтар бірдей болу керек. Ол үшін қысқа сызықтарды санай отырып сызамыз.<br>**Қорытындылау.Мадақтау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүреді. Бір-бірден Тізбекке тұру. Балалардың назарын кеңістікте бағдарлауға аударады. Екі тізбекке тұрады. **Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.** Доппен жасалатын жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсету. Жаттығулардың дұрыс орындалуына, дене сымбатының сақталуына назар аударады. **Ойын түріндегі жаттығу: «Доппен фигура жаса»** Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау. Допты жерге лақтыру және секіргеннен кейін қағып алу. Балаларға түсіндіру: қолды қыспай, саусақтардың арасын ашып, екі жаққа созамыз; допты жерге төмен қарай тігінен тастаймыз, жерге тиіп секіргеннен кейін, қолдың еркін қимылымен | | | тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **I. Ұйымдастыру кезеңі.** Қимыл-қозғалыс жасайтын алаңның үлгісін жасау: массажға арналған төсеніштерді екі қатарға жаяды. Балалардың назарын төсеніштерге аударады. Сиқырлы төсеніштердің балаларға епті болуға көмектесетінін айтады. **II. Негізгі кезең.** Тізбекте бір-бірден тез адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бір-бірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. **Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау** (массаж жасайтын төсеніішпен) 1. Бастапқы қалып: | Тәрбиеші балалардан қандай мереке жақындап келе жатқанын сұрайды. -Балалар, бүгін суретті бәрін жақсы, әдемі салдыңдар. Жаңа жылда Аязата келгенде осы суреттерді көрсетеміз. Балалар өздері салған суреттері жайлы әңгімелейді. **3.Білім беру саласы**: Шығармашылық **Білім беру саласының бөлімі:** Музыка **Тақырыбы**:«Менің бірінші Президентім» **Мақсаты:** Отанға,Отанының көз тартарлық жерлеріне деген қызығушылық, мақтаныш, құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Әуенің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.Әнді көңілді,ашық орындауға үйрету. Туған жеріне,қаласына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстап аламыз.<br>Бір қатарға қойылған заттардың арасымен алақаны мен табанын тіреп еңбектеу (кегельдерді екі сызық бойына 6 данадан қойып шығады).<br>Түсіндіру: қимылдарды балалардың бірі көрсетіп тұрады. Нұсқау: кегельдерді айналып, абайлап еңбектеу қажет.<br>**«Біз көңілді балалар» ойынын ұйымдастыру.**<br>Ойын тәртібін түсіндіру. Қуғыншыдан қашып құтылу керектігін, жүгіргенде бір-бірімен соқтығыспау қажеттігін ескертеді.<br>**III. Қорытынды кезең.**<br>«Күлкілі беттер». Шарға жымиған күлкімен қарау, көңілді шарды балаларға сыйлайды. | | | аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз.<br>П.: қолды алға, кеуденің деңгейіне, жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз.<br>2. Б.қ.: сол қалып. Қолды белге қоямыз.<br>П.: отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз.<br>3. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз.<br>П: алға қарай еңкейеміз (солға).<br>4. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз.<br>П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз.<br>5. Б.қ.: аяқтарымыз ды қосып, қолымызды белге қоямыз.<br>П.: екі аяқтап секіреміз, жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын** | сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Муз. «Марш»<br>Жаттығу: «Галоп»<br>Муз.амандасу жат.: «Ты шагай!»<br>Дау.жат: «Ми-и-а-а-ми»<br>Ән тыңдау: «Елбасы»<br>Ән айту: «Елбасы-ел бағы»<br>Дид ойын: «Жіп орау» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түрінде лек-лекпен орындау, балалардың назарын тапсырманы орындағанда арақашықтықтарын сақтауға аударады.<br>Төсеніштердің арасымен «жыланша ирелеңдеп» жүру, жүгіру.<br>Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату.<br>Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударады (қол моторикасын дамыту).<br>**Спорттық жаттығулар**<br>**Үш дөңгелекті велосипед тебу.**<br>«Кім тезірек келеді». Тәрбиеші тәрбиеленушілерге қашықтықты барынша тезірек жүріп өтуді ұсынады.<br>Велосипедпен бұрылуды орындауға және қозғалыс бағытын сақтауға баса назар аударады.<br>Жүрер алдында велосипедке дұрыс | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | отыру және түсу білігіне назар аударады. Қажет болған жағдайда жеке-дара көмек көрсетеді.<br>**«Орныңды тап!»** (массаж жасайтын төсеніштер).<br>Кез келген бағытта қос аяқтап секіру.<br>Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу.<br>**ІІІ. Қорытынды кезең**.<br>**Тәрбиеші тақпақ айтып береді:**<br>Денсаулық ол – шыныққан Барлық дене мүшесі.<br>Денсаулық ол – тыныққан Жүйке тамыр жүйесі.<br>Денсаулық ол – күлуің Көңіл күйің жадырай, Денсаулық ол – жүруің, Ешбір жерің ауырмай. | |
| Серуен:<br><br>Серуеннен оралу | **Серуен №1**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>-Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер | **Серуен №2**<br>**Бақшаны бақылау**<br>**Мақсаты**: -қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>**Зерттеу жұмысы** | | **Серуен №4**<br>**Қардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>- Қардың қасиеттері туралы | **Серуен №5**<br>**Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты** :<br>-ағаштар туралы білімдерін молайту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады);<br>**Зерттеу жұмысы**<br>♦желтоқсан айы қай айдан соң келеді?<br>♦қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды?<br>♦Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды?<br>♦Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар?<br>**Еңбек**<br>Ағаштар түбін қармен көму..<br>Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойындар:** Қар лақтырып ойнау<br>Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту.<br>Бір аяқпен секіру.<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу. | Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;<br>—Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. | | түсініктерін қалыптастыру;<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету. | **Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>Мақсаты: аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. |
| Серуеннен оралу | Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету. | | | | |
| Вариативтік бөлім | | **Вариативтік бөлім**<br>**«Қызықты логика әлемі»**<br>**Тақырыбы:**«Зейінді болып қызықты тапсырма орындайық »<br>**Мақсаты.**Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге | | **Вариативтік бөлім**<br>«Мен елімді сүйемін»<br>**Тақырыбы:**<br>«Қазақ ханы»<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсіндіре отырып, Абылай ханмен таныстыру | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>**Сайқымазақ келеді**<br>**1-тапсырма:**<br>Салыстыр сызбамен жұмыс. Бос торкөзде қандай сурет болуы тиіс жалғастыр.<br>**2-тапсырма:**<br>**Дид ойын:** « Сиқырлы қапшық»<br>Түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтарды салыстыр,топтастыр.<br>**3-тапсырма**<br>а)Айырмашылығын тап<br>Ұқсас екі суреттің айырмашылығын табу.<br>ә)Сәуле екінші столға не қоюды ұмытып кетті?<br>**4-тапсырма**<br>Логикалық тапсырмалар<br>1.Үйге келді Мадияр.<br>Оған қоса Данияр.<br>Одан кейін Айдана. | | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балалар шеңберге тұрып, тәрбиеші мен бірге бүгінгі күндеріне сәттілік тілейді.<br>Ұмытпа ана – тіліңді,<br>Өз тілің өскен өркенің.<br>Ананың берген ақ сүті,<br>Мақтанышың ұлттық – ол сенің!<br>Абылай дарынды хан, аса ірі қайраткер, қолбасшы болды.Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болыпты. Абылайдың 13 жасар кезі болса керек. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады. Қазақ даласының даналығын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қанша болды бар бала?<br>2.Жан-жаққа кетті зымырап,<br>Мысықтан қашып тышқандар.<br>Біреуі кірді қорапқа.<br>Біреуі кірді шкафқа.<br>Біреуі кірді жәшікке.<br>Тығылды сонда нешеуі?<br>**Қорытындылау.**<br>Қандай дидактикалық тапсырманы орындағанда кейіпкер пайда болды? Есімізге түсірейік,кім келді?Сайқымазақты қайдан көрдіңдер? Ол қайда жүреді? Қандай тапсырма жеңіл болды,әрі ұнады? | | бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасына ұялата білген.<br>Қорытынды. | |
| Ойындар, дербес әрекет | **«Сиқырлы суреттер»**<br>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу. | **«Даусынан таны»**<br>Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру дауыстарды ажырата білуге дағдыландыру. | | **«Пирамида жинау»** ойыны<br>Мақсаты: көлеміне қарай жинауға үйрету.Ойлау қабілетін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу. | Ойын: **«Көлік тұрағын құрастыр»**<br>Мақсаты: Текшелерден өз қиялдарынан құрастыруды үйрету.Ойлау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты) | Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауға үйрету: Толғанай,Жанерке.Кәусар, Ерасыл | Көп», «біреу», «бір-бірден», «бір де біреуі жоқ» түсініктерін үйрету:Айару, Жұлдыз,Інжу. | | Заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап беруге үйрету:Бердәулет, Жангелді. | Сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету:Айғаным,Асанәлі, Асылай. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» | Психолог кеңесі: «Балаңызды қалай еркелетесіз?»сұрағына жауап алу. | | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы» | «Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру. |
| «Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы. | | | | | |

**«Балдәурен» шағын орталығы**

**«Айгөлек» ересек тобының 06.12- 10.12.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы**

Тәрбиеші: Алимсейтова.Г.С

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: | | | | |
| Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б) | **Қимылды ойын:** «Көбелегім, ұш!» **Мақсаты:** Ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиеленеді 4К моделі, бала үні | **Құрлымдалған қим ойын:**«Өрмекші мен шыбын» **Мақсаты**: Ойын арқылы қимыл-қозғалыстары дамиды. 4К моделі , бала үні. | **Пед жетек ойын қим ойын** «Жасыл қияр» **Мақсаты:** Ойын арқылы ұйымшылдыққа үйренеді 4К моделі , бала үні. | **Пед жет ойын:** «Тату-тәтті отбасы» **Ойын мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйренеді 4К моделі, бала үні. | **Құрлым қимылды ойын**: «Аралар» **Мақсаты:** Ойын арқылы заттың сипатын біледі. 4К моделі, бала үні |
| Таңертеңгі гимнастика 5мин | **Жаттығулар кешені : Желтоқсан айы 2-апта**<br>**I.Ұйымдастыру бөлімі**<br>Сапта жүру, жеңіл жүгіру. Қолдарын беліне қойып аяқтың ұшымен жүру. Қатарға тұру.<br>**II. Жалпы дамыту жаттығулар**<br>1. «Қуыршақтар билеп жүр». Қолдарын жандарына созу, «ох»-деп төмен түсіру (5 рет).<br>2. «Қуыршақтар иіледі. Алға еңкейіп қолдарын артқа жіберу, түзеліп тұру. (5 рет)<br>3. «Қуыршақтар теңселеді». Оңға(солға) қисаю,б.қ. келу (6 рет)<br>4. «Секіру» Бір орында екі аяқпен 8 рет секіріп жүру, қайта секіру (5 рет)<br>**III.Қорытынды бөлім.**<br>Қатардан сапқа тұру. Жеңіл жүгіру. Саппен жүру. | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отырады, тамақтанады, асхана құралдарын дұрыс ұстайды мәдениетін қалыптастырады және сақтайды . Әдептілік ережелерін түсіндіреді.<br>Тәтті тамақ жейміз, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Рақмет аспаз дейміз. | | | | |
| Ойындар.(ҰОҚ) дайындық. | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындайды.<br>Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындайды. | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | **1. Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Тақырыбы:**Менің- Қазақстаным.<br>**Мақсаты:** Өз елінің тарихына қызығушылық таныта отырып, өз ойын айта алады.<br>**Ресурстар:** Қазақстан республикасының картасы,өз елінің суреттері.<br>**Әдіс – тәсілдер**: 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау. Жетелеуші ашық сұрақтар.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Қазақстан Республикасы ның мемлекеттік ән ұранын орындау.<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар, сендер қандай ән орындадыңдар?<br>Қазақстан Республикасы | **1.Тақырыбы:** Үй құстары<br>**Ресурстар:** үй құстарынын суреттері. Үнтаспа<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, саралау, жаппай бақылау.ашық сұрақтар әдісі<br>**Ұйымдастырылған оқу** қызметінің барысы.<br>Ұйымдастырады: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыста ауа-райы қандай болады? Ашық сұрақтар. Сыни ойлау. Бала үні.<br>**Қызығушылықтарын оятады. Үнтаспа тыңдатады.**Үнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдатады. Тыңдалым. Ой дамытады.<br>Суретпен жұмыс **.**<br>Үй құстары<br>Ашық сұрақтар әдісі<br>-Әтеш қалай дыбыстайды?<br>- Ал, тауық ше? | **1.Көркем әдебиет**.<br>**Тақырыбы:**<br>«Тәуелсіз Қазақстан»өлеңі Оразақын Асқар<br>**Ресурстар:**. Қазақстан Республикасының картасы,буклеттер, рәміздер<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К,, бала үні, саралау, жаппай бақылайды.АКТ технологиясы. Ашық сұрақтар.бас бармақ әдісі.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Қызығушылықтарын оятады.Глобус көрсетеді.<br>**Ой қозғау.**Балалар Біздің планетамыз неге ұқсайды?<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, глобустағы көк түс | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Тәуелсіз Қазақстан»<br>**Ресурстар:** Рәміздер суреттері.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, саралау, жаппай бақылау.Акт технологиясы<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. «Елтаңба». «Ту»**<br>**1.Елтаңба тобына тапсырма:**Біздің бақшамыз қалай аталады? Елордамыз қай қала? Ашық сұрақтар Бала үні. Сыни ойлау.<br>**2.Елтаңба тобына тапсырма:**<br>Президентіміз кім? Астана қандай ғимарат бар? Ашық сұрақтар Бала үні. Сыни ойлайды. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 4 саны мен цифры.<br>Логикалық есептер.<br>**Ресурстар:** 4 цифр,қоян, сәбіз суретері, пішіндер.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, саралау, жаппай бақылайды.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**Ұйымдастыру кезеңі.Миға шабуыл. Ашық сұрақтар<br>Кәзір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде ауа-райында қандай өзгерістер болады? Сыни ойлау. Бала үні<br>**Қызығушылықтарын оятады. Тосын сәт**.<br>Топқа қояндар қонаққа келеді. Қәне санайықшы.1,2,3,4 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ның астанасы қалай аталады? Рәміздерді атаңдар. - Қазақстан Республикасының Президенті<br>кім? Қазақстан картасын білесің бе? Сендер қай ауылда<br>тұрасыңдар? Кері байлан ыс, жетелеуші сұрақтар, бала үні,сыни ойлау.<br>**«Топтастыру» әдісі саралау** .<br>**Топқа бөлу .«Елтаңба» .«Ту»**<br>**Топ Елтаңба**<br>**Ашық сұрақ.**<br>Біздің бақшамыз қалай аталады? Елордамыз қай қала?<br>**Топ.Ту.**<br>**Ашық сұрақ.**<br>Президентіміз кім?<br>Астана қандай ғимарат бар? Кері байланыс, ашық сұрақтар, бала үні,сыни ойлау.<br>**Топтық жұмыс.**<br>2-топқа тапсырма<br>Суретпен жұмыс<br>Менің Қазақстаным<br>Әр топ әңгімелеп береді. | Тауықтың баласын не деп атайды екенбіз?<br>- Балапанның түсі қандай?<br>-Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?<br>-Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар?<br>Бала үні, Креативтік, Коммуникативтік дамытады.<br>**Сергіту сәті. .(Заряд алу әдісі)**<br>Әтеш ерте оянып,<br>Жан-жағына қарады.<br>Шынықтырып денесін,<br>Қанаттарын қағады**.**<br>**Құрлымдалған ойын.**<br>«Көлеңкесін тап»<br>Қорытынды<br>Кері байланыс. Бала үні.<br>–Бүгінгі оқу қызметінде не жайлы сөз болды?<br>–Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз?<br>–Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді?<br>Ашық сұрақтар.<br>Сыни ойлайды. Балаларды мадақтайды.<br><br>**2.Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:** «Зима»<br>**Цель:**Закрепить знания | нені білдіреді?-Ал сары түс ше?<br>-Балалар, жер шарымызда қандай елдерді білесіңдер?<br>- Балалар, ал біз тұратын мемлекет қалай аталады?<br>Ашық сұрақтар. Сыни ойлау. Бала үні.<br>**Таныстыру**<br>Еліміздің астанасы әсем қаламыздағы көрікті жерлерімен таныстырады.<br>**Ақ орда** -<br>Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын.<br>**Бәйтерек** -Қазақстан мемлекетінің символы.<br>Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат.<br>Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына | Коммуникативтік дамытады<br>**Топтық жұмыс.**<br>Оқу ортасы арқылы саралайды<br>2-топқа тапсырма<br>Суретпен жұмыс<br>Менің Қазақстаным<br>Әр топ әңгімелеп береді. Айтылым Тыңдалым.<br>**Сергіту сәті.(Заряд алу әдісі )**Бейнетаспа Қара жорға»<br>**1-Топ Елтаңба**<br>**Құрлымдалған ойын:** «Хан шатырды құрастыру»<br>**2-Топ Ту**<br>**Құрлымдалған ойын:** «Байтерек құрастыру». 4 к моделі, бала үні.Өнім арқылы саралайды<br>Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылайды<br>Қорытынды .Кері байланыс.Бала үні<br>Балаларға смайлктер береді.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>Таза ауада | барлығы неше ?<br>-қояндар нені жақсы көреді? Дұрыс жарайсыңдар, балалар ендеше мен кәрзеңкеден қояндарға сәбіздерді үлестірейін, ал сендер мен қойған сайын санап отырыңдар.3 сәбіз қоямын. - Балалар, қояндарға сәбіз жетті ме, санайықшы<br>- 1,2,3 сәбіз.<br>- Бізде қоян нешеу еді? - 4 көжек.<br>- Сәбіз нешеу болды?- 3 сәбіз. -<br>қоян көп пе, сәбіз көп пе? Салыстырайықшы- 3 және 4 сандарын салыстыруды үйренеміз.<br>**Саралау:** мазмұнды, өнім арқылы<br>**Бақылау:** Құрылымда лған, жаппай, тікелей.4К, Бала үні<br>Балаларды мадақтайды.<br>**Педагог жетекшілігімен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаппай бақылау<br>4К, Бала үні<br>**Сергіту сәті**<br>“Қара жорға»<br>**1-Топ Елтаңба**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>«Хан шатыр»<br>Шарты: Хан шатырды қиынды суреттерден құрастырады.<br>**2-Топ Ту**<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>«Байтерек құрастыру»<br>Жаппай бақылау<br>Қорытынды<br>Кері байланыс Бала үні<br>Балаларды мадақтайды 2топ жұлдызша береді.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Арқаннан еңбектеп өт<br>**Мақсаты:** Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеуді, еңкіс тақтай үстімен жүре алады.<br>**Ресурстар:** шар, доға, себет<br>**Әдіс – тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, командада жұмыс.<br>**Ұйымдастырылған оқу** | детей по предыдущей теме, продолжать развивать понимание русской речи. Учить называть новые слова и фразы по теме. «Зима». Развивать устойчивое внимание, воображение память, словесно-логические мышление общую исполную ручную моторику**.**<br>**Ресурсы:**дид материалы. Воспитывать интерес к заниятиям, умение доводитьначатое дело до конца. Появляется Копатыч ипросит учителя научить детей рассказывать о зиме. Рассматривание иллюстрации о зиме, слушание короткого рассказа. Рассматривание иллюстрации снеговика, слушание короткого рассказа. Слушают, отвечают по содержанию рассказа о снеговике. Практическое задание.<br>**Пед. жет ойын:**«Пришла зимушка-зима» | понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі<br>97м.<br>Мынау **Бейбітшілік және келісім** сарайы.<br>**«Нұр-Астана»** мешіті.Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.<br>**Думан** ойын - сауық орталығы. Яғни бұл сендер сияқты Астана қаласының тұрғындары мен кішкентай бүлдіршіндеріне арналған<br>орталық.<br>**Бақылау:** жаппай, Айтылым<br>«Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін оқып беру.<br>Оразақын Асқар<br>Он алтыншы<br>желтоқсан<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан<br>Атамменен | Кегелдер<br>**Мақсаты:** Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді, гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүгіреді.<br>**Ресурстар**: әр балаға сультанчик, гимнастикалық орындық, кішкентай құм салынған қапшық.<br>**Әдіс – тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, командада жұмыс.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Амандасады. Маршпен жүреді; Жүріс түрлері: Аяқтың ұшымен жүреді;<br>- Өкшемен жүреді;<br>- Секіре жүреді;<br>- Тізерлей жүреді;<br>- Жүгіреді.<br>- Тыныс алу жаттығуы.<br>**Топтастыру әдісі.**<br>Саралайды.3 колонаға | **ойын.**<br>**«Көрші санды тап»**<br>Алдарында карточкалар берілген, онда сандар көрсетілген. Жанындағы тор көзге, алдарындағы жатқан сандар ішінен көрші санды тауып қоясыңдар. Мұқият қараңдар алдыңғы немесе келесі көрші санды тауып қоюларың керек.<br>Балалар жұмыстары.<br>Балалар қояндар тапсырма алып келген,орындаймыз ба?Ой дамытады.<br>Қоянның тапсырмалары<br>**Құрылымдалған ойын. 1-тапсырма**<br>Қандай пішін шықты<br>**Мақсаты:**Таяқшалардан таныс пішіндер құрастырады<br>**2-Тапсырма**:<br>**Құрылымдалған ойын.**<br>Қандай мезгіл?Қай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қызметінің барысы.**<br>1. Бір қатар сапқа тұр.<br>2. Сәлемдеседі. (Нұсқауларды орындау)<br>**«Орман аңдары»**<br>1. «Аю»<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүреді.<br>2. «Түлкі»<br>Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүреді<br>3. «Көжек»<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіреді.<br>4. «Қасқыр»<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіреді.<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.<br>Б.қ.: тік тұрады, шарды қос қолмен ұстайды.<br>1. Қолдағы шарды алға созады.<br>2. Шарды оң иыққа тигізеді<br>3. Қолдағы шарды алға созады. | Выкладивают на фланелеграве картинку о зиме ,рассказыют о ней.<br>Игра по технологии триз. «Хорошо-плохо»;<br>Зима это хорошо....<br>Зима это плохо.....<br>Высказываютсвои суждения: потому что будет праздник Нового года....<br>Потому что можно замерзнуть.....Бала үні. | барғанмын.<br>**Айтылым. Тыңдалым.**<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>**Бір қадам әдісі** арқылы өлең жолдарын жаттату.<br>**Сергіту сәті.(Заряд алу әдісі)**<br>Ал,балалар,тұрайық,<br>Мойнымызды бұрайық,<br>Қолымызды бұрайық.<br>Жел сияқты қалықтап<br>Оңға,солға иіліп,<br>Денемізді бұрайық.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын.**«Рәміздерде не бейнеленген?»<br>**«Бас бармақ»әдісі** арқылы оқу қызметін қорыту. Кері байланыс. Бала үні<br><br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы**:«Байтерек монументі»<br>**Ресурстар:** Байтерек суреті. Үлгі. Ермексаз, тақтайша әр балаға. | бөліну.<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>(султанчикпен орындалады) 1.Б.Қ , қолды белге ұстау, аяқ арасын алшақ ашып тұрады, басты оң және сол бағытта айналдырады<br>2.Б.Қ қолды желкеде саусақты айқастырып ұстап, аяқ арасын алшақ ашып тұру, кеудені оң жаққа ,сол жаққа бұрады.<br>3. Б.Қ қолды төмен түсіріп, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, оң аяққа еңкейіп, қолды аяқ ұшына тигізу, б.қ келу, сол жаққа қайталау.<br>4. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып, қолды белге қойып тұрады. Қолды алға созып отырады, тұрады, б.қ келеді. 6-8 рет қайталайды.<br>5. Б.Қ өкшені қосып, | уақыт?<br>**Мақсаты.**Балалардың ойлау қабілеттерін дамытады.<br>Шарты:Балаларға тәулік мезгілдері жыл мезгілдері туралы суреттер беріп ажыратуды үйренеді.<br>**3-тапсырма:**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын.**<br>Не қайда?<br>Мақсаты:Кеңістікті бағдарлауды үйренеді.<br>Шарты: Слайд бойынша сұрақтар қою. Жоғарыда не бар?Қыздың жанында не бар? Т.б<br>**Логикалық сұрақтар.**<br>1.Қолда қанша саусақ бар?<br>2.Машинаның неше дөңгелегі бар?<br>3.Қоянның неше құлағы бар?<br>4.Сиырдың неше құлағы бар?<br>5.Бағдаршамның неше көзі бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Шарды сол иыққа тигізеді<br>5. Б. қ. Келеді<br>2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, қол төменде.<br>1.Қос қолды жоғары көтереді.<br>2. Алға иіліп созылады<br>3.Қос қолды кеуде тұсына әкеледі<br>4. Б. қ. келеді.<br>Б. қ.: отырады, аяқты алға созады.<br>1.Шарды қос қолмен жоғары көтереді.<br>2.Тізеге тигізеді.<br>3.Б. қ. келеді.Шарды қолдарына ұстап тұрады.Шарды алға созып, оң және сол иықтарға тигізеді.3-4 рет<br>Қолдарын жоғары көтеріп, алға созады<br>3-4 рет<br>Шарды жоғары көтеріп, тізеге тигізеді.3-4 рет.<br>3. Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:<br>1. Шарды кеуде тұсында ұстайды. | | **Әдіс – тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, саралау, командада жұмыс, бақылау. Ашық сұрақтар.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**1.Ұйымдастыру:**<br>**Суретпен жұмыс:** Балалар сендер суретте нені көріп тұрсыңдар?-Бәйтерек қай қалада орналасқан?<br>Кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, бала үні<br>Ой дамытады.<br>**«Топтастыру» әдісі саралайды**<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ** бәйтеректің суретін гуашпен салады.<br>**2- топ** Түрлі-түсті қағаздан жырту тәсілі арқылы бәйтеректі жапсырады.<br><br>**3-топ** ермексаздан мүсіндейді. Сыни ойлау, бала үні, | аяқ ұшын ашып тұрады, қолды төмен түсіріп тұрады. Оң аяқты жанға, қолды жанға ұстау, оң қолды төмен түсіреді, сол қолды жоғары көтереді, екі қолды да жанға ұстайды, оң аяқты қосып, б.қ келеді, сол жаққа қайталайды 8 рет.<br>6. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұрады, қолды төмен түсіріп тұру, секіріп аяқ арасын ашу, қолды жанға ұстау секіріп аяқ арасын қосады, б.қ келу, 6-8 рет қайталайды<br>7. Тыныс алу жаттығулары. Колоннада бір қатармен жүреді<br>Бақылау. Жаппай<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>1.3м арақашықтықтан нысанаға қапшықты қолмен оң және сол иықтан лақтырады. · | 6.Піл үлкен бе,тышқан үлкен бе?<br>7.Қоян жүйрік пе,тасбақа жүйрік пе?<br>8.Аспанда қанша жұлдыз бар?<br>9.Аспанда күн нешеу,ай нешеу?<br>10.Тау үлкен бе,тас үлкенбе? Сыни ойлайды. Бала үні.<br>Бақылау**:** Жаппай, тікелей.Балаларды мадақтайды<br>**Қорытынды**<br>Кері байланыс<br>Бала үні. Ашық сұрақтар.<br>-Балалар қонаққа не келді?<br>-Қандай тапсырмалар орындадыңдар?<br>Нешеге дейін санадық?<br>Жарайсыңдар.<br>Балаларды мадақтау.<br>**2.Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Бәйтерек монументі»<br>**Ресурстар:** ақ қағаз, түрлі түсті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Алға секіреді..<br>3. Артқа секіреді.<br>4. Б. қ. Келеді<br>Тыныс алу:<br>- аяқ арасы алшақ, шарды қос қолмен жоғары көтеру (ауа жұтады);<br>- шарды тізеге тигізу (дем шығарады).<br>Бақылайды. Жаппай<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>1. Жерге қойылған себетке дейін секіруді үйренеді<br>2. Доғалар астынан еңбектеп өтеді.<br>**Қимылды ойын:**«Кім бірінші» ойыны: 1.Ойын шартымен таныстырады. Бақылайды. Жанама Қорытынды: Кері байланыс.Балаларды мадақтайды | | тікелей бақылау.<br>**Сергіту сәті.** (Заряд алу әдісі)<br>Біз кішкентай баламыз<br>Өсіп-өніп толамыз<br>Күнге қарай талпынып<br>Көкке қолды созамыз<br>Қанат қағып ұшамыз<br>Орнымызды табамыз<br>Балалардың жұмысын бақылайды. Балалар жұмыстарын аяқтайды.<br>Галерея шарлау әдісі. Балалардың жұмысын бағалайды<br>Мадақтайды. Біз бүгін не жасадық? Бала үні<br>Қорытындылайды.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Тез қимылда<br>**Мақсаты** Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасап жүреді.<br>**Ресурстар:** доға, шеңбер 2 | 2.Арқасына қапшық қойып,гимнастикалық орындық үстімен еңбектейді.<br>**Еркін ойын.**«Ұшақтар ».<br>1.Ойын шартымен таныстырады<br>Бақылайды. Жанама бақылау.Қорытынды<br>Балаларды мадақтайды. | карандаштар, үлгі<br>**Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, саралау, креативтілік, командада жұмыс, бақылау.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**Ой қозғау.Балалардан жыл мезгілін,апта күндерін,ай атын сұрау.Республикамыз, яғни еліміз қалай аталады? -<br>Елбасымыз кім?<br>- Мемлекеттік Рәміздерді кім айтады?<br>-Жарайсыңдар, елордамыз қай қала? Астанада не бар? Бала үні, сыни ойлау. Ашық сұрақ. Астанаға саяхатты хабарлайды. Ой дамыту.Байтерек туралы түсінік береді<br>**Бәйтерек** -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Әдіс – тәсілдер:** 4К моделі, бала үні, командада жұмыс.<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>Амандасады.<br>Маршпен жүреді;<br>Жүріс түрлері:<br>Аяқтың ұшымен жүреді;<br>Өкшемен жүреді;<br>Секіре жүреді;<br>Тізерлей жүреді;<br>Жүгіреді.<br>Тыныс алу жаттығуы.<br>3 колонаға бөліну.<br>Топтастыру<br>Өнім арқылы саралау<br>**Жалпы даму жаттығулары:**<br>1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұрады<br>2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге | | шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Үдеріс арқылы саралайды, сыни ойлайды.Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсетеді, түсіндіру.Үлгіні талдайды.Балалардың өз бетінше жұмысы<br>Креативтілік дағды<br>Командада жұмыс<br>Мазмұн арқылы саралау<br>**Құрлымдалған ойын:** «Біздің көрме»<br>Шарты: Салған суреттерді тақтаға іліп, бір-бірін бағалайды.<br>Қорытынды.Кері байланыс.Бала үні.<br>Балаларды мадақтайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тұрады, иықты кезек-кезек көтереді<br>3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтереді<br>2. 2 қолды алдына апарады<br>3. 2 қолды жанына апарады<br>4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылады<br>5  Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіреді<br>6. Терең дем алады**.**<br>Бақылайды: Жаппай, тікелей<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>1. Шеңберден шеңберге аттайды<br>2. Доғалар астынан еңбектеп өтеді.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аққу- қаздар». ойыны: | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1.Ойын шартымен таныстырады.<br>Қорытынды:<br>Кері байланыс**.**<br>Балаларды мадақтайды. | | |
| Серуен:<br><br>Серуеннен оралу | **Серуен №1**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br><br>**Мақсаты:**<br>—Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады);<br>—Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.<br>**Еңбек**<br>Ағаштар түбін қармен көму..<br>Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойындар:** Қар лақтырып ойнау<br>Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту.<br>Бір аяқпен секіру. | **Серуен №2**<br><br>**Бақшаны бақылау**<br><br>**Мақсаты**: — қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>— зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;<br>—Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.<br>4К моделі,бала үні. | **Серуен №3**<br><br>**Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>—Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;<br>—Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>♦Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)<br>♦Торғайлар қыста немен қоректенеді? (дәндермен, қалдықтармен.)<br>**Еңбек қызметі**<br>Құстар қонақтайтың, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br>Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Нысанаға тигіз».<br>Мақсаты: қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей | **Серуен №4**<br><br>**Қардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;<br>— әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br><br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>4К моделі,бала үні. | **Серуен №5**<br><br>**Ауладағы ағаштарды бақылау**<br><br>**Мақсаты** :<br>— ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>Мақсаты: аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.<br>4К моделі,бала үні. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу.<br>4К моделі,бала үні. | | білу.<br>4К моделі,бала үні. | | |
| Серуеннен оралу | Серуеннен кейін балалардың  киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету. | | | | |
| Вариативтік бөлім | | **Вариативтік бөлім**<br>**«Қызықты логика әлемі»**<br>**Сабақтың тақырыбы:**<br>Жүзден жүйрік<br>**Сабақтың мақсаты:**<br>Сандар туралы өткенді пысықтай алады, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке ұғымдарын біледі<br>Ресурстар:көрнекіліктер.Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау, командамен жұмыс<br>**Дид.ойын:**Көзіңді жұмып.қолыңмен анықта.<br>**Мақсаты**:балалар сипап-сезу арқылы заттың ұзын-қысқалығын анықтау.<br>Дидак ойын :хайуанаттар бағына саяхатқа<br>1-тапсырма:Балаларды сызық арқылы хайуанаттар бағына жеткіз<br>2-тапсырма: | | **Вариативтік бөлім**<br>**«Мен елімді сүйемін»**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қазақ ханы»<br>**Мақсаты**:Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсінеді, Абылай ханмен танысады.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>Абылай хан (шын есімі Әбілмансұр)-1771-1781жылдар аралығында билік құрған Қазақ хандығының 18-ші ханы. Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі.Арғы тегі Ақ Орданың негізін қалаған Орда Ежен ханнан бастау алады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Адасқан түлкі мен аюды шыршаға жеткіз.<br>-Ең биік үйде керік тұрады,<br>-ортаншы үйде елік тұрады,<br>-ең кіші үйде қоян тұрады.<br>-Хайуанаттардың қай баспанада тұратынын сызба арқылы белгілейді.<br>-балаларды хайуанаттар бағына сызық арқылы жеткізеді.<br>- суреттегі жануарларды салыстырады.<br>-Піл,Құрбақа,Керік барлығынан үлкен<br>-тапқан суретті түсті сызбамен көрсетеді,<br>-түлкі мен аюды сызық арқылы өз шыршасына жеткізеді.<br>Қорытынды.Сыни ойлау, бала үні. | | Абылай онымен қоса Ұрыс хан ,Барақ хан ,ӘЗ-Жәнібек хан сияқты билеушілердің тікелей ұрпағы.Абылай хан қазақ тарихындағы бірегей тұлға Кенесары ханның атасы.<br>Қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.Сыни ойлау, бала үні. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, дербес әрекет | **Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты**: Жемістер мен көкөністер туралы түсінеді. Олардың айырмашылықтарын айта біледі. Бала үні 4 К моделі | **Құрлымдалған ойын**:«Көп және біреу» **Ойынның мақсаты:** көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. 4К моделі, бала үні. | **«Айырмашылығын тап»** **Мақсаты**: Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі. өз ойын айту , досының жауабын тыңдай білуді үйренеді. Бала үні 4 К моделі | **Құрлымдалған ойын:** Кеңістікті бағдарлау. **Мақсаты:** балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі. 4К моделі, бала үні. | **Құрлымдалған ойын:**«Жол картасын бейнеле» **Ойынның мақсаты:** жоғары–төмен ұғымдарын түсінеді 4К моделі , бала үні |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты) | Зат есімдер мен көмекші сөздерді қолдануға үйрету Толғанай, Жанерке, Айару. | Күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыруға ү йрету. Жұлдыз, Інжу,Бердәулет, Жангелді. | Құрылыс материалдарының бөліктерін атауға, оларды түрлі тәсілдермен орналастыруға үйрету. Айғаным,Асанәлі, Асылай. | Түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып,қағаз парағын түрлендіруге үйрету**.**Кәусар, Ерасыл. | Пішіндерді атауға ,түсі және көлемі бойынша ажыратуға үйрету Толғанай, Жанерке. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелеседі | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелеседі | «Бала денсаулығының маңыздылығы» ата-аналарға арналған кеңестер | Балабақшадағы ас мәзірі | «Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру. |
| «Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы. | | | | | |

«Балдәурен» шағын орталығы

«Айгөлек» ересек тобының 13 .12- 17.12.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы

Тәрбиеші: Алимсейтова.Г.С

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: | | | | |
| Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б) | **Ойын: «Не үлкен?»** Мақсаты: Үлкен-кіші ұғымын ажырата білу.Балаларды бірлесе ойнауға үйрету.Ой-өрісін,қиялын дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. | **Мозайка құрастыру**. Балаларды мозайка құрастыруға үйрету.Балалардың ой-өрісін,қиялын дамыту.Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Конструк-тордан үй құрастыру. | **Суретті лото** Мақсаты:Балаларды ойнауға үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту.Ұжыммен ойнауға тәрбиелеу | **Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері».** Мақсаты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету. | **«Сиқырлы қарындаш»** Мақсаты:Балаларды бояғыштарды дұрыс бояуға үйрету.Балаларды шығармашылық қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| Таңертеңгі гимнастика 5мин | **Жаттығулар кешені : желтоқсан айы III-апта**<br><br>**Жаттығулар кешені : қараша айы III-апта**<br>**I.Ұйымдастыру бөлімі**<br>Сапта жүру, жеңіл жүгіру.Тәрбиешінің артынан жыланша жүру.Қатарға тұру.<br>**II.Жалпыдамытужаттығулар**<br>1.Б.қ:«Құрсау жоғарда» Құрсауды жоғары көтеріп оған қарап төмен түсіру (5 рет).<br>2..Б.қ:«Құрсауды еденге қой»Алға еңкейіп құрсауды еденге қою,тұру,еңкейіп құрсауды еденнен алу (4 рет қайталау)<br>3. Б.қ: «Жан жаққа бұрылы» Оң жаққа бұрылу б.қ, келу Сол жаққа бұрылу б.қ. келу (6 рет қайталау.)<br>4.Б.қ:»Отырып,тұру.Отырып,құрсаудыеденгеқою»б.қ.келу(5-рет)<br>5.Б.қ«Құрсаудылда»Құрсаудыалғасозыптүсіру(5рет)<br>**III.Қорытындыбөлім** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қатардан сапқа тұру.Жеңіл жүгіру.Саппен жүру. | | | | |
| Таңғы ас | Ойын-жаттығуы: Ойнаймыз – күлеміз, Асқа да дайынбыз.<br>Астаң соң күнде біз, Беті – қол жуамыз. | | | | |
| Ойындар.<br>(ҰОҚ)<br>дайындық. | **Дид.ойын: «Рәміздерді ата»**<br>Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін атауға үйрету. Балаларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал еңбек етуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Баланың ой-өрісін іздемпаздыққа, жан - жақтылыққа шақыру, тіл байлығын дамыту. | **Дид.ойын: «Киіз үй бөліктерін ата»**<br>Мақсаты: баланың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту.<br>Киіз үй және оның жасау -жабдықтары (шаңырақ, кереге, туырлық, маңдайша, сықырлауық т.б.) атай білуге үйрету. Ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу. | **Дид.ойын: «Қысқы киімдерді құрастыр»**<br>Мақсаты. Қыс мезгілінде киетін киімдерді атап айтуға үйрету. Неліктен қыс мезгілінде киілетін киімдер екенін атауды, «қалың-жұқа» ұғымдарының мағынасын түсіндіруді жалғастыру. Киімдерді суретке қарап отырып құрастыруға үйрету. Әр киімнің адамның қай дене мүшесіне киілетінін атауды үйрету. | **Дидактикалық ойын:**<br>«Ретімен,кері сана»<br>Мақсаты: Сандарды ретімен,кері санауға үйрету.Балалардың ой-өрісін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу. | **Дид.ойын: «Ұлттық киімдерді ата»**<br>Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдары жайлы балалардың білімдерін кеңейту шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Ата-бабамыздан қалған қазақ халқының мұрасын құрметтеуге үйрету. |
| | **1.Білім беру саласы:** Таным<br>**Білім беру саласы бөлімі:**Құрастыру<br>**Тақырыбы:** «Мерекелік ашық хаттар»<br>**Мақсаты:** Қағаздан құрастыруға үйрету, қағаздың тікбұрышты | **1.Білім беру саласы:**Таным<br>**Білім беру саласының бөлімі:**<br>Жаратылыстану<br>**Тақырыбы:**<br>«Терезе алдындағы бақша.»<br>**Мақсаты:** Өсімдіктерді | **1.Білім беру саласы:** Қатынас<br>**Білім беру саласы бөлімі:** Көркем әдебиет.<br>**Тақырыбы**: « Менің сүйікті қалам, ауылым және ел ордасы Астанам » | **1.Білім беру саласы**: Қатынас<br>**Білім беру саласы бөлімі:** Сөйлеуді дамыту<br>**Тақырыбы:** Жаз, күз (Сурет бойынша әңгіме құрау)<br>**Мақсаты:** Жаз және | **1.Білім беру саласы:**Таным<br>**Білім беру саласы бөлімі:** Математика негіздері<br>**Тақырыбы**:3 , 4 цифрларын салыстыру. Кең – тар. Шаршы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
